



## АҚОРДА

# ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ЕРГЕ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда төрінде өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатын, ұлт мүддесі үшін қажырлы қызмет етіп, халықтың ықыласына бөленіп келе жатқан бір топ азаматқа құрмет көрсетті.

Атап айтқанда, көрнекті суретші, танымал өнер қайраткері Бәтима Зәуірбековаға «Отан» ордені, көрнекті әдебиеттанушы ғалым Тұрсын Жұртбайға І дәрежелі «Барыс» ордені, мемлекет қайраткері Александр Судинге ІІ дәрежелі «Барыс» ордені табысталды. Белгілі актер, көрнекті театр режиссері Нұрканат Жакыпбайға «Қазақстанның халық әртісі» атағы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Виктор Хильниченкоға «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев марапат иелерін құттықтап, әрқайсысының ел үшін сіңірген еңбегіне жеке-жеке тоқталды.

Президент ұлттық мәдениетімізді дамыту жолында көп еңбек етіп, бейнелеу өнерінде қайталанбас қолтаңбасымен ерекшеленген Бәтима Зәуірбекова отандық гобелен өнері мектебінің негізін қалап, қазақ әйелдері арасынан шыққан осы саладағы тұңғыш кәсіби маман атанғанына назар аударды.

— Шығармашылығыңыз жоғары деңгейде мойындалып, Мемлекеттік сыйлықтың иегері болдыңыз. Халқымыздың тарихын, бітім-болмысын, ою-өрнегі мен салт-дәстүрін дәріптеуге баса мән бердіңіз. Сіздің туындыларыңыз Алматы және басқа да қалалардың әйгілі ғимараттарына көрік беріп тұр. Туындыларыңыз өз елімізбен қатар шет мемлекеттерде сақталуда. Сіздің еңбектеріңізді әлемге белгілі мамандар өте жоғары бағалайды. Ұлттық өнер жолында



салған дара жолыңыз жас буын азаматтары үшін тамаша үлгі-өнеге деп санаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев саналы ғұмырын ұлт руханиятын дамытуға арнап келе жатқан көрнекті ғалым, қарымды қаламгер Тұрсын Жұртбай төл тарихымыздың ақтандақ тұстарын зерттеп, халықтың сана-сезімін жаңғыртуға елеулі үлес қосқанын атап өтті.

— Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, жан-жақты дәріптеуге зор еңбек сіңірдіңіз. Абай — ұлттың рухани темірқазығы, өскелең ұрпақтың айнымас бағдары. Шын мәнінде, ұлы ойшылды тану — қазақты тану деген сөз. Сіз Мұхтар Әуезовтің және ұлт қайраткерлерінің мол мұрасы мен өнегелі өмірі туралы құнды ғылыми еңбектер жаздыңыз.

Шоқтығы биік көркем шығармаларыңыз арқылы төл әдебиетіміздің құндылығын арттыра түстіңіз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекетіміздің дамуына Тәуелсіздіктің елең-алаңынан бастап белсене атсалысып келе жатқан Александр Судинге алғыс айтты.

— Мемлекеттік қызметте жұмыс істеген жылдары зор құрметке ие болдыңыз. Парламент Сенатының депутаты ретінде халық мүддесін қорғадыңыз. Вице-спикер және Сенат аппаратының басшысы ретінде қазақстандық парламентаризмнің дамуына қосқан үлесіңізді айрықша атап өткім келеді. Сіздің кәсіби еңбегіңіз жоғары бағаланып, Отанға адал қызмет етудің үлгісіне айналды, — деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент театр және кино саласында жарты ғасырдан астам уақыт жұмыс

істеп келе жатқан белгілі режиссер Нұрканат Жакыпбайдың төл мәдениетімізді өркендету жолындағы еңбегі зор екенін жеткізді.

— Көрерменнің көзайымы болған мазмұнды қойылымдарды сахналап, театр әлемінің нағыз майталманы ретінде танылдыңыз. Көптеген пьесалар мен фильмдерде түрлі рөлдерді шебер сомдап, халықтың ыстық ықыласына бөлендіңіз. Бүгінде жас таланттарды өнерге баулып, оларға бағыт-бағдар беріп келесіз. Руханият саласын дамытуға сіңірген еңбегіңіз үшін өзіңізге шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы кәсіби жолын агрономдықтан бастап «Хильниченко және К» серіктестігінің басшысына дейін көтерілген Виктор Хильниченконың агроөнеркәсіп саласын дамытуға қосқан үлесіне тоқталып, Алматы облыстық мәслихатының депутаты ретінде жемісті қоғамдық қызмет атқарғанын да атап өтті.

— Ең бастысы, қол жеткізген жетістіктеріңізге тоқмейілісмей, алдыңызға жаңа әрі биік мақсаттар қойып келесіз. Аймақтың агроөнеркәсіп әлеуетін көтеруге қосқан зор үлесіңіз қандай бағаға болса да лайық, — деді Президент.

Мемлекет басшысы сөзін түйіндей келе, қазір Қазақстан жан-жақты жаңғыру жолына түсіп, елімізде түбегейлі өзгерістер жасалып жатқанына назар аударды.

— Ұлт тағдырын айқындайтын тарихи шешімдер қабылданды. Біз біртұтас қоғам болып жалпыұлттық референдум өткіздік, жаңа Конституциямызды қабылдадық. Азаматтарымыз жаңа Ата заңды бірауыздан қолдап, дауыс берді. Қазақта «Береке бастауы — бірлік» деген жақсы сөз бар. Біз ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, еліміз де өсіп-өркендей береді. Көп ұзамай Қазақстан тарихында алғаш рет Құрылтай сайлауы өтеді. Бұл ел өміріндегі маңызды оқиға болмақ. Қазір науқан белсенді өтіп жатыр. Партиялар саяси мәдениеттің озық үлгісін көрсетуде. Алдымызда өте жауапты кезең тұр. Ұлт болып ұйысып, бір ел болып жұмыла еңбек етеміз деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ОҢАЛТУДЫҢ ОҢ ӘСЕРІ МОЛ

Ауруханадан аман шыққан әрбір науқастың алдында тағы бір маңызды сынақ тұрады. Ол — қалыпты өмірге қайта оралу. Дәрігерлер адам өмірін сақтап қалуды емдеудің алғашқы кезеңі ғана дейді. Ал адамның қайта жүріп, сөйлеп, өздігінен тіршілік етуі медициналық оңалтудың сапасына байланысты.



Қазақстанда жүрек-қан тамырлары аурулары халық денсаулығына төнген негізгі қауіптің бірі болып қала береді.



Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы елімізде 21 588 адам миокард инфарктімен, 53 мыңнан астам адам инсультпен ауруханаға жатқызылған. Бұл көрсеткіштер жыл сайын өзгергенімен, жүрек-қан тамырлары ауруларының өзектілігі төмендеген жоқ. Сондықтан мемлекет аурудың алдын алумен қатар, медициналық оңалтуды дамытуға басымдық беріп отыр.

Инсульт пен инфаркт — шұғыл медициналық көмекті ғана емес, кейінгі ұзақмерзімді қалпына келтіруді де қажет ететін аурулар. Егер алғашқы сағаттарда адамның өмірі үшін күрес жүрсе, кейінгі айларда оның өмір сапасы үшін күрес басталады.

→ 5



## АЗАМАТТЫҢ ДЕРЕГІ – АТА ЗАҢҒА АМАНАТ

Бұл мәселе ел тарихында тұңғыш рет Ата заңда көрініс тауып отыр. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданып, 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстанның жаңа Конституциясы заманауи жаңа өмір шындығын құқықтық тілде әдіптеген маңызды құжат саналады. Негізгі заңның 1-бабында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде бекітілген. Бұған азаматтардың цифрлық ортадағы құқығын қорғау да жатады.

→ 4

## ЖАС ТАЛАНТТАРДЫҢ ЖЕҢІСІ



1992 жылдан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан байқауда қазақстандық өнерпаздар талай мәрте топ жарды. Ересектер мен балалар арасындағы негізгі вокалдық бәсекелерді қоса есептегенде, отандық орындаушылар осы уақытқа дейін жеті рет Гран-при иеленіп, ел мерейін үстем етті. Бұл байқау Шығыс Еуропадағы ең ірі мәдени фестивальдардың бірі саналады. Оның бағдарламасы музыка, театр, кино, бейнелеу өнері және халықтық қолөнер секілді түрлі өнер саласын қамтиды.

→ 8



# ТЕЛЕДЕБАТТЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІ ӨТТІ

Jibek Joly телеарнасында Қазақстан тарихындағы алғашқы Құрылтай сайлауына қатысатын саяси партиялар өкілдерінің командалық теледебаты болды. Саяси науқан алдындағы кезекті пікірталас «Заң мен тәртіп – Әділетті Қазақстанның негізі» тақырыбына арналды. Пікірталастың өзегінде «Заң мен тәртіп» қағидаты және оның әділетті қоғам қалыптастырудағы рөлі айтылды.

Теледебат алдындағы ашық жеребенің қорытындысына сәйкес, партия командаларының сөз сөйлеу кезегі төмендегідей белгіленді. Алғашқы болып «Ақ жол» партиясынан Бек-Мұхамед Жәукебаев және Ермек Әбілдин сөз алса, келесі болып Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясынан Лариса Ли және Нұрайнаш Камалова ойларын жеткізді. Содан кейін «Әділет» партиясынан Айжан Аймағанова және Мәди Мырзағараев, Қазақстанның халық партиясынан Жандос Бидайбеков пен Ирина Смирнова, «Ауыл» партиясынан Жәзира Сұлтанқұлова мен Ерболат Саурықов, «Байтақ» партиясынан Аманбек Өміртай мен Алмат Тұртаев, Respublica партиясынан Олжас Құспеков пен Динара Шүкіжанова сөз алды.

Саяси пікірталас басталар алдында Астанадағы «Қазмедиа орталығының» фойесінде саяси пікірталасқа қатысушыларды қолдау көрсетуге келген жақтастары қарсы алды. Жалпы, теледебат 4 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар қарсыластарының сайлауалды бағдарламаларына талдау жасады. Ол үшін әр партияға 2,5 минуттан уақыт берілді. Екінші кезеңде партия өкілдері 90 секунд ішінде журналистер мен көрермендердің сұрақтарына жауап берді. Үшінші кезеңде қатысушылар қарсыластарына сұрақ қойып, өз ұстанымдарын 2 минут ішінде дәлелдеуге мүмкіндік алды. Ал дебаттың қорытынды бөлімінде әр қатысушы өз партиясының атынан «Уәде» форматында жария міндеттеме алды. Осы кезеңде партия өкілдері Құрылтайға сайланған жағдайда алдағы 5 жыл ішінде халық үшін нақты қандай жұмыстар атқаратынын және сайлаушылар алдында қандай міндеттемелер алатынын баяндады. Теледебатқа көрермендер де белсенді қатысып, сұрақ қоюға мүмкіндік алғанын айта кетейік.

Алғаш болып сөз алған «Ақ жол» партиясының өкілдері либералды жолды таңдайтындарын жеткізді. «Ақ жол» партиясының өкілі Ермек Әбілдин құр уәде беріп қана қоймай, жұмысын нақты істері мен заңнамалық бастамалары арқылы көрсетіп келе жатқанын айтты. Сондай-ақ ол партияның сыбайлас жемқорлық үшін сотталғандарға жауапкершілікті күшейтуді, салық төлеушінің адалдығы презумпциясын енгізуді және шағын бизнестің мүддесін қорғауды ұсынатынын атап өтті.

Келесі болып сөйлеген ЖСДП партиясының өкілдері азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға

басымдық бергендерін мәлімдеді. Нұрайнаш Камалованың сөзінше, ЖСДП сайлауалды бағдарламасында заң үстемдігін қамтамасыз етуді, соттардың тәуелсіздігін күшейтуді мақсат еткен. Оның айтуынша, заң барлық азаматқа, соның ішінде олигархтар мен қарапайым халыққа бірдей қолданылуы керек. Партия сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін қоғам қалыптастыруды, сөз бостандығын қамтамасыз етуді және бейбіт жиындарға мүмкіндік беруді ұсынған.

Ал «Әділет» партиясының өкілдері өздерінің ескіні қайталауға емес, жананы қалыптастыруға келгендерін айтты. «Әділет» партиясының өкілі Мәди Мырзағараев сөзжарысты бастап, үш сұраққа жауап беретіндерін айтты. Оның айтуынша, партияның басты сүйеніші — Ата заң, қорғайтыны — адал азамат. Сонымен қатар ол ереже қарапайым екенін жеткізді: адалсын ба — қорықпа, заң бұздың ба — жауап бер. Адамның байлығы мен лауазымы жазадан құтқармауға тиіс. Партия өкілдері заңдарға ревизия жасап, Конституцияға сай ететіндерін баяндады.

Бұдан кейін Қазақстан халық партиясының өкілі Ирина Смирнова заңдар қоғамдағы өзекті мәселелерге жауап беріп, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуі керек екенін айтты. Ол «Байтақ» пен ЖСДП партияларының бағдарламаларына, соның ішінде заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту баспасы мен партияларға мемлекеттік телсеарналардан эфир уақытын беру ұсынысына сын айтты. Смирнованың айтуынша, ҚХП партиясы заң талаптарын сақтауды әл-ауқаты жоғары әрі өркендеген қоғамның негізгі шарты деп санайды.

«Ауыл» партиясының өкілдері ауылдағы бала мен қаладағы баланың мүмкіндігін мәселе етіп көтерді. Ерболат Саурықовтың пікірінше, бүгінде шалғайдағы азамат пен мегаполистегі азаматтың сапалы білімге, қолжетімді денсаулық сақтауға және мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу мүмкіндігі бірдей емес. Сондықтан партия фермер өз еңбегінің әділ бағасын көруі қажет екенін алға тартты.

Өз кезегінде «Байтақ» партиясының өкілдері ел дамуының төрт қағидасын атады. Аманбек Өміртайдың айтуынша, даму тек экономикалық өсіммен ғана емес, азаматтардың табысы мен өмір сапасының артуымен де өлшенуі керек. Ол экономика, табиғат және келешек ұрпақтың мүддесі арасындағы тепе-



тендікке тоқталды. Өміртай ірі өндіріс орындары заң мен қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуі тиіс екенін айтты.

Ал Respublica партиясының өкілі Олжас Құспеков сөзін партия бағдарламасымен ұштастырып бастады. Оның айтуынша, бай-қуатты азамат — жауапты қоғам, тиімді мемлекет — қауіпсіз ел құруға бағытталған. Саяси ұйым қарапайым адамның, адал кәсіпкердің жағында.

Екінші кезеңде жеті партия көрермен мен БАҚ өкілдері жолдаған сұрақтарға жауап берді. Барлық сауал «Заң мен тәртіп — Әділетті Қазақстанның негізі» тақырыбын қамтыды. Партия өкілдері сауал аясында заң үстемдігі, алимент төлемі, ақшалай кепіл арқылы бостандыққа шығу, жалған ақпарат тарату, вандализм, экономикалық бағдар секілді өзекті тақырыптарға қатысты пікір айтты.

Respublica партиясының өкілдері лудоманиямен күрес шешімдері туралы ойларын жеткізсе, «Әділет» партиясы айыппұлдардың тиімділігі туралы айтты. «Ауыл» партиясы заң үстемдігін нығайту жолы бойынша пікір білдірсе, Қазақстан Халық партиясы құқық қорғау органдарына деген халық сенімін көтеру керектігіне назар аударды. ЖСДП Мәжілістегі белсенділік мәселесін қозғаса, «Байтақ» партиясы жол қауіпсіздігі туралы пікірін ортаға салды. Ал «Ақ жол» партиясының өкілдері кәсіпкерлер мүддесін қорғауға қатысты сауалдарға жауап берді.

Үшінші кезеңде әр партия өз таңдауы бойынша кез келген бір партияға сұрақ қойды. Ал таңдау реті күні бұрын өткен жеребе нәтижесі бойынша анықталды. «Ақ жол» партиясының өкілдері «ауылдықтарға» малды чиптеудің талабын жеңілдету туралы сұрақ қойып, жауапқа

толық қанағаттанбағандарын айтты. Ал ЖСДП тарапынан Respublica партиясына қойылған сұрақ жекеменшік құқығы туралы қызу пікірталасқа ұласты. «Әділет» партиясының сауалына жауап берген ЖСДП өкілдері халықтың қауіпсіздігі сол заңды орындатуға жауапты мемлекеттік органдардың қолында екенін айтып жауап қатты. «Әділет» өкілі ЖСДП-ны осы бағытта бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. Қазақстан Халық партиясының өкілі қойған сұраққа «Әділет» партиясының өкілі мемлекеттің жауапкершілігі мен заң үстемдігі ұғымдары «бөріне рұқсат» деген түсінікке айналмауы керектігін айтып, жауап берді. «Ауыл» партиясы «Байтақ» жасылдар партиясынан сайлауалды бағдарламасында экологиядан басқа қандай өзекті мәселе бар екенін сұрады. «Байтақ» өкілі сұрақты жанадан қосылып жатқан жас ұжымға емес, Парламенттен мандат алып келген өзге партияларға қоюды ұсынды. «Байтақ» партиясы Қазақстан Халық партиясының тарихындағы коммунистік жолды еске салып, қазіргі партия буынының Иосиф Сталин мен Филипп Голощекиннің тарихи тұлғасына қатысты көзқарасын сұрады. Сұрақ авторлары берілген жауапқа қанағаттанбады. Respublica партиясы сұрақ қою мүмкіндігін пайдалана отырып, «Ақ жол» партиясын бизнестің мүддесін қорғайтын маңызды сәттерде Үкіметпен ымыраласып кетеді деп сынады.

«Уәде» деп аталатын ақтық кезеңде әрбір партия өкілі Құрылтайға сайланған жағдайда атқарылатын істің анық-қанығын баяндады. Белгіленген 2 минут ішінде саяси ұйымдардың алдағы жоспары, бес жылға жоспарланған міндеттер тарқатылды.

«Ақ жол» партиясы салық жүйесін ілгерілетуге, сыбайлас жемқорлықпен күресті дамытуға, несие мен әділ сайлау

жүйесін және жастарды баспанамен қамтуға уәде берді. ЖСДП Құрылтайға өтсе, әйелдер құқығын қорғап, заң үстемдігін нығайтуға бекіп отыр. «Әділет» партиясы жемқорлықпен күресуге, 1 млн жұмыс орнын құру, 95 пайыз еңбек шартын электронды форматқа көшіруге, сот жүйесін цифрландыруға сөз берді. Қазақстан Халық партиясы сот жүйесіне жасанды интеллектті енгізуге, тегін заң көмегін қамтамасыз етуге, полиция қызметін реформалауға және жасөспірімдер қылмысын азайтуға талпынбақ. «Ауыл» партиясы ауылдардың инфрақұрылымын жақсартуға, шаруаларға қолдау білдіруге, еңбек адамын көтеруге және дәстүрлі отбасы құндылығын насихаттауға күш салатынын мәлімдеді. «Байтақ» партиясы сөз бостандығын қамтамасыз етуге, орташа жалақыны көтеруге, көпбалалы аналарға төленетін әлеуметтік төлемді арттыруға, экологиялық мәдениетті жетілдіруге кіріспек. Respublica партиясы әйелдер құқығын қаперде ұстауға, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, кәсіпкерлерді қолдауға бел шешіп кірісетінін хабарлады.

Пікірталастың соңына қарай теледебаттағы көрермендер дауыс беруінің нәтижелері белгілі болды. Бірінші орынды «Әділет» партиясы алды. Партия өкілдерінің сөйлеген сөздерін сауалнамаға қатысушылардың 60,6%-ы қолдаған. Екінші орында 15,1% дауыс жинаған «Ауыл» партиясы, үшінші орынға 10,2% көрсеткішпен Respublica партиясы орналасты. Одан кейінгі орындарды ЖСДП — 3,9%, «Ақ жол» — 3,5%, Қазақстанның Халық партиясы — 3,3% және «Байтақ» — 2,7% иеленді. Ал сауалнамаға қатысушылардың 0,7%-ы «ешқайсысы ұнамады» деген нұсқаны таңдаған.

М.ТӨЛЕУ

## QALQAN – ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТЫҢ БАСТАМА

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры «МӘМС 2.0» моделі аясында денсаулық сақтауды қаржыландыруға арналған бірыңғай Qalqan порталын енгізіп жатыр. Жүйе жоспарлау мен шарт жасасудан бастап, көрсетілген медициналық көмекті тексеру, актілерді қалыптастыру мен төлем жасауға дейінгі негізгі қызметтерді бір арнаға біріктіреді.

Қазір бұл процесс әртүрлі ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Мәліметтер бір жүйеден екіншіге беріліп, жекелеген операциялар қайта енгізу мен қолмен орындауды қажет ететін.

«Бүгінгі күнге медициналық көмекті жоспарлау, сағып алу, көрсетілген қызметтерді есепке алу, мониторинг жүргізу және төлем жасау қызметтері оннан астам ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Qalqan осы жүйелерді бір цифрлық контурға біріктіріп, қаржыландырудың бүкіл процесін кезең-кезеңімен бақылауға мүмкіндік береді», — деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Басқарма төрағасының орынбасары Индира Ерденова.

Платформа Қаржы министрлігінің заманауи технологиялық платформасында құрылып жатыр. Бұл ретте, Qalqan дәрігерлер пациентті қабылдап, диагноздар мен ем-дом шараларын жүргізетін медициналық

ақпараттық жүйені алмастырмайды. Қажетті мәліметтер қаржы контурына автоматты түрде беріледі.

«Qalqan — қаржылық-әкімшілік жүйе. Медициналық мәліметтер қолданыстағы ақпараттық жүйелерден автоматты түрде түсетіндіктен, медицина қызметкерлері тарапынан қосымша ақпаратты енгізудің қажеті болмайды», — деп атап өтті Индира Ерденова.

Жаңа жүйе көрсетілген медициналық көмек туралы ақпаратты пациент, мамандар, рұқсат құжаттары, медициналық ұйымның жабдықтары мен төлемге ұсынылған сома туралы мәліметтермен автоматты түрде салыстыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, тексеру қаржыландыру процесінің бір бөлігіне айналады: сәйкессіздіктер төлем сомасы қалыптастырылып жатқан кезеңнің өзінде анықталуы мүмкін.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Qalqan нақты жағдайда сынақтан өтті. Пилоттық жоба аясында медициналық қызметтердің алғашқы төлемдері Астанада жүргізілді: өтінім беруден бастап қаражатты аударуға дейінгі барлық операция бір жүйеде жүзеге асырылды.

Жалпы Qalqan жүйесіне 91 кіші медициналық қызмет түрін кезең-кезеңімен енгізу жоспарланған. Бүгінде оның 20 түрі іске қосылды, тағы 60 түрі бойынша сынақ жұмыстары жүріп жатыр. Қалған қызмет түрлері бойынша жұмыс жалғасуда.

Жүйеде толық цифрлық цикл пысықталады: медициналық ақпараттық жүйелерден мәліметтерді қабылдау, деректерді форматты-логикалық тексеру, қызмет құнын есептеу, актілерді қалыптастыру және төлем жасау.

Актілерді кезең-кезеңімен қалыптастыру тетігі де қатар енгізіліп жатыр. Бұл тәсіл айлық қызмет көлемінің толық тексерілуін күтпей-ақ көрсетілген медициналық қызметтердің тексерілген бөлігін төлемге жіберуге мүмкіндік береді. Ал сәйкессіздіктер анықталған жағдайда мәліметтер қосымша тексеруге жолданады.

Мұндай тәсіл бір жағынан бақылауды күшейтсе, екінші жағынан дырыс расталған қызметтер бойынша төлемдерді кешіктірмеуге мүмкіндік береді.



Келесі кезеңде пациенттермен кері байланыс орнатуға арналған цифрлық сервистерді дамыту іске қосылады. Тиісті мүмкіндіктерді eGov Mobile, Бірыңғай жеке кабинетте, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында кеңейту көзделген.

Азаматтар өз атына тіркелген медициналық көмек туралы ақпаратты көріп, сәйкессіздік байқаған жағдайда Қорға өтініш жіберуге алады.

Бұл ретте пациенттен алынған ақпарат басқа дереккөздермен, сондай-ақ автоматтандырылған және сараптамалық тексерулердің нәтижелерімен бірге пайдаланылады. Бұл әсіресе медициналық көмекті балалар, қарттар, ауыр халдегі пациенттер немесе мобильді қосымша-

ларды пайдаланбайтын азаматтар алған жағдайларда маңызды.

Нәтижесінде Qalqan қаражат қозғалысының бірыңғай цифрлық бағытын қалыптастыруға тиіс. Жүйе деректерді автоматты түрде салыстырып, медициналық ұйыммен есеп айырысу аяқталғанға дейін сәйкессіздіктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Жаңа модельдің негізгі міндеті — медициналық көмекті қаржыландыру үдерісін барынша ашық ету және бақылауға алу, қолмен жасалатын операциялардың үлесін азайту және расталмаған қызметтер үшін төлем жасау тәуекелін төмендету.

А.СҰЛТАН



АЙМАҚТАРДЫ ДАМУ ТУРАСЫ АЙТЫЛДЫ



Суару каналдарын жаңғырту, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, шекара маңындағы аумақтарды дамыту және көлік логистикасы – «Әділет» партиясы республикалық сайлауалды штабының Жетісу облысының тұрғындарымен кездесуіндегі негізгі тақырыптарға айналды.

Партия алға қойып отырған міндеттердің бірі – қала мен ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылым сапасының алшақтығын азайту. Партия Төрағасы Айбек Дәдебаев өңірлерді дамыту Президенттің стратегиялық бағытының маңызды бөлігі екенін, ал медицина, білім беру және басқа да негізгі қызметтерге қолжетімділік адамның тұрғылықты жеріне байланысты болмауы керек екенін атап өтті.

Құрылтай делегаттары осы өнімдердің көбірек бөлігін ел ішінде өңдеу қажет екенін жеткізді. Кандидат Жанарбек Әшімжан «Әділет» жастар мен волонтерлік бастамаларды гранттық қаржыландыруды кеңейтуді, сондай-ақ қоғамдық кеңестердегі жастардың үлесін 20%-ға дейін арттыруды ұсынатынын айтты.

АУДАНЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ КАРТАСЫ ҚҰРЫЛДЫ



Сайлауалды үгіт-насихат науқаны аясында Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының Абай облысындағы филиал өкілдері Семей тұрғындарымен «Ауданның интерактивті картасы: бұқара талабынан – нақты шешімдерге» атты ашық сұхбат форматында кездесу өткізді.

Жүздесу барысында тұрғындар шаһардың инфрақұрылымдық және әлеуметтік салаларындағы ең түйткілді мәселелерді ортаға салды. Тұрғындар тек проблемаларды айтып қана қоймай, оны шешудің нақты жолдарын ұсынды. Интерактивті карта бұқараның талап-тілегін жинауға, түйткілді тұстарды анықтауға және алдағы жұмыстың жол картасын әзірлеуге мүмкіндік бермек.

Айтылған барлық өтініш-тілек ЖСДП сайлауалды штабының бірыңғай Сайлаушылар аманаттарының тізіліміне енгізілді. Кездесу қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдар мен бейінді қызметтерге ресми сауалдар дайындау үшін бағыттар бойынша жүйеленетін мәліметтер қоры жасақталды.

ӨҢІРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ СӨЗ БОЛДЫ

Ақтөбе облысының Қобда ауданында «Байтақ» жасылдар партиясының сайлауалды үгіт-насихат жұмысы жалғасты. Партия өкілдері жергілікті тұрғындармен кездесіп, өңірдегі өзекті мәселелерді талқылады.

Кездесу барысында қоршаған ортаны қорғау, су ресурстарын сақтау, елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту және халықтың өмір сүру сапасын жоғарылату түйткілдері көтерілді. Жиында ауыл халқы да үнсіз қалмады. Өздерін аландатқан проблемаларды айтып, ұсыныс-пікірін ортаға салды.

Партия өкілдері экологиялық қауіпсіздік пен жайлы ортаны қалыптастыру ортақ жауапкершілік екенін атап өтті. Айтуларында, жергілікті халықпен ашық диалог орнату – партияның алдағы жұмысына маңызды қадам.



Жасылдар мұндай кездесулерді жалғастырып, өңірдегі өзекті мәселелерді көтеруге және олардың шешуге ықпал етуге ниетті.

АЗАМАТТАР ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Қазақстан Халық партиясының өкілдері үгіт-насихат жұмыстарының аясында мұнайлы өлке – Атырауға ат басын бұрды. Құрылтай депутаттығына кандидаттар жұмыс барысында Атыраудың автобазалық орталығының қызметкерлерімен жүздесті.

Партия өкілдері еліміздің Батысындағы халықтың саяси өмірге, жаңалықтарға бейжай қарамайтынын сөз етті. Үгіт-насихат кезінде партия өкілдеріне елдегі саяси науқан мен өзгерістер жайлы сұрақтар қойылды. Қаланың тазалығына жауапты мекемеде еңбек адамдарының құқығы, тазалықтың мемлекет үшін, қала үшін маңыздылығы жайлы түсіндірме жүргізілді. Жиын соңында қызметкерлер партия өкілдеріне жылы лебіздерін жеткізді. Сонымен қатар Қазақстан Халық партиясының өкілдері мұнайлы өлке – Атыраудағы үгіт-насихат жұмыстары аяқталғанын айтты.



# ҚҰРЫЛТАЙ

## 23 тамыз



### ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

#### САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

**Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы**

КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

«Ақ жол» демократиялық партиясының сайлауалды штабының мүшелері Павлодар өңіріндегі алдыңғы қатарлы отандық кәсіпорындардың бірі «Жана Роса» зауытына барды.

Сапар барысында штаб мүшелері кәсіпорынның жұмысымен танысып, өндірістік цехтарды аралады. Азық-түлік және алкогольсіз сусындар өндірісінің барысын көзбен көріп, отандық өнімнің қалай дайындалатынына куә болды.

Кәсіпорын ұжымымен өткен кездесуде «Ақ жол» партиясының төрағасы Дания Еспаева партияның Құрылтай сайлауына арналған бағдарламасының негізгі бағыттарын таныстырды. Кездесу барысында кәсіпкерлікті дамыту, отандық өндірушілерді қолдау,



бизнестің мүддесін қорғау және экономиканың нақты секторын дамытуға бағытталған нақты ұсыныстарға ерекше тоқталды.

Қазір «Жана Роса» кәсіпорнында 200-ден астам адам еңбек

етеді. Кездесу барысында ұйымшыл әрі еңбекқор ұжымның өкілдері өздерін толғандырған мәселелерін ортаға салып, партияның сайлауалды бағдарламасымен танысты.

ҰЖЫМ ҰСЫНЫСЫ ЕСКЕРІЛДІ

Маңғыстау облысында «Ауыл» партиясынан Құрылтай депутаттығына кандидаттар – Қуанышбай Озғамбаев, Максат Рзаханов және сайлауалды штаб мүшелері «КазНИПИМұнайГаз» ЖШС еңбек ұжымымен кездесті.

Кандидаттар өңірдің өндірістік әлеуетін арттыру, отандық кәсіпорындарды қолдау және еңбек адамдарының құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерін айтып, басқосуға қатысушылармен бірге талқылады. Кандидаттар партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған негізгі бастамаларды таныстырып, кәсіпорын қызметкерлерінің ұсыныстары мен пікірлеріне назар аударды. Сонымен қатар салаға қатысты өзекті мәселелер



бойынша пікір алмасу өтіп, соның нәтижесінде ұсыныстар әзірленетіні белгілі болды. Өз кезегінде еңбек ұжымы кезіккен мәселелерін сөз етіп, шешу жолдарын қарастыру қажет екенін атап өтті.

БИЗНЕСТІ ӨРКЕНДЕТУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Respublica партиясының сайлауалды штаб мүшелері, Құрылтай депутаттығына кандидаттар Бекжан Айтқұлов, Маханбет Амангелді, Жалынбек Жайнарбай және Нұргүл Тау «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ-ның Атырау филиалына барып, кәсіпорын жұмысымен танысып, ұжыммен кездесті.

Кездесуде өңірдегі кәсіпкерлікті дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Кандидат Тахмина Нағұманова Атырау мұнайлы өңір болғанымен, мұнда шағын және орта кәсіпорындардың да көп екенін атап өтті.

Кандидаттар сондай-ақ Respublica фракциясының Парламенттегі нақты нәтижелері туралы айтты: вейптерге тыйым салу, құмар ойындардың таралуын



шектеу, шағын несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді төмендету, әскери қызметкерлерге ҰБТ тапсырмай-ақ гранттар бе-

руді енгізу, сондай-ақ Құрылыс кодексінде аз мобильді топтар үшін кедергісіз орта нормаларын бекіту.



13 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

# АЗАМАТТЫҢ ДЕРЕГІ – АТА ЗАҢҒА АМАНАТ



Ақпарат ғасырының толқынын ауыздықтаған қазақ қоғамы үшін цифрлық орта – тек коммуникация құралы емес, сондай-ақ ұлттың дүниетанымы мен әр адамның жеке өмірінің айнасына айналған жаңа әлем. Осы шекарасы сызылмаған, шет-шегі бей-мәлім кеңістіктегі мемлекеттің қауіпсіздігі мен оның азаматының құқығын қорғау мәселесі конституциялық құқықтың басты өзегіне айналып отыр. Себебі виртуалды әлемдегі арсыздық, қылмыс пен қолсұғушылық кейде нақты өмірдегі қауіптен де қатерлі болып шығады. Ол қоғамның бірлігін бұзып, мемлекеттің тұрақтылығын шайқалтуға қауқарлы.

**А** Айхан ШӘРІП

## ЭКРАНҒА ТЕЛІМІРГЕН ҚОҒАМ

Бүгінгі адамның өмірін интернеттен бөлек елестету қиын. Тәулік бойы телефонға түсетін хабарлама мен қоңырау, банк қосымшасындағы ақша қозғалысы, электронды Үкіметтегі сансыз анықтама, әлеуметтік желідегі өзекті пікір, ақпарат құралдарындағы маңызды жаңалық, шалғайдағы туыс-туған, дос-жаранмен бейнебайланыс, «Дамумед» медициналық жүйесіндегі немесе электронды күнделік білім беру платформасындағы мәлімет — мұның бәрі әрбір адамның қайталанбас төл цифрлық ізін қалыптастырады.

Сондықтан бұл сала мемлекеттің қорғауын қажет етеді. Бұл мәселе ел тарихында тұңғыш рет Ата заңда көрініс тауып отыр. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданып, 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстанның жаңа Конституциясы заманауи жаңа өмір шындығын құқықтық тілде әдіптеген маңызды құжат саналады. Негізгі заңның 1-бабында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде бекітілген. Бұған азаматтардың цифрлық ортадағы құқығын қорғау да жатады.

Ал 15-бапта Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарының танылатыны және оларға кепілдік берілетіні нықталған.

Сонымен бірге бұл құқыққа қол жеткізу үшін әлдебір тапсырманы орындаудың, не қандай да бір санаулы санатқа кірудің қажеті жоқ: мемлекеттің қорғауы, адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан тиесілі. «Олар ажыратуға және айыруға болмайтын деп танылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының мазмұны мен қолданылуы осыған қарай айқындалады», — делінген Ата заңда. Бұл қағида цифрлық әлемге де қатысты: технология адамды өзгерту үшін емес, адамның құқығын қорғауды нығайту үшін қызмет етуге тиіс.

## ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КАЛҚАНЫ

Жаңа Конституцияның цифрлық құқықтар тұрғысындағы ең елеулі жаңалығы — 21-бап. Оның бірінші тармағында: «Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі», — деп қадап айтылған.

Екінші тармаққа сәйкес: «Банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдары, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де ха-

барламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен ғана жол беріледі».

Үшінші тармақ мемлекеттік органдарды, қоғамдық бірлестіктерді, лауазымды адамдарды және барлық БАҚ-ты «әрбір адамға өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжатпен, шешіммен және ақпарат көзімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге» міндеттейді.

Бұған дейін Қазақстанда жеке өмірдің, хат-хабар алмасудың және байланыстың құпиясы қорғалса, енді дербес деректерді қорғау жеке конституциялық міндеттеме ретінде енгізіліп отыр. Ғылыми орта мен заңгерлердің құқықтық талдауына жүгінесек, жаңа Ата заңның 21-бабының 1995 жылғы алдыңғы Конституциядан айырмашылығы — дербес деректерді цифрлық технологиялармен ұштастыра отырып, жеке конституциялық қорғау нысаны ретінде бекітілген.

Бір сөт ойланайық: азаматтың аты-жөні, мекенжайы, телефон нөмірі, саусақ таңбасы, биометриялық бейнесі, банк операциясы, электрондық хат-хабарлары, басқасы — бәрі-бәрі оның өмірбаянының цифрға айналған ажырамас бөлшегі. Оны рұқсатсыз жинап пайдалану, тіпті адамның үйіне рұқсатсыз кіруден де қауіпті болуы мүмкін. Өйткені баспананың есігін не қабырғасын бұзып кірген адам көршілердің назарына

“**Цифрлық қоғамның тағы бір күрделі мәселесі – теңдік. Конституцияның 16-бабы бойынша бәрі заң мен сот алдында тең. Ешкімді тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.**

ілігуі, көшедегі не үйдегі бейнекамераға түсіп қалуы мүмкін. Мұның сыртында қожайыны орала сала, дабыл қағары даусыз. Ал цифрлық деректің қайда кеткенін көбіне оның иесі де, сервистің операторы да байқамай қалады. Сондықтан 21-баптың мән-маңызы — «әркімнің цифрлық ізі де адамның жеке өмірі болып есептеледі» деген қағидатты конституциялық ұстанымға айналдыруында.

Заман мен қоғам өзгерген сайын заңның құқықтық ой-санасы да, мемлекеттің құқық нормалары да жаңарып отырады. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» — қоғамдағы қатынастарды сол дәуірдің қажетіне қарай реттеудің тарих үшін тағылымды, ұлы үшін ұлағатты үлгілері. Бүгінгі цифрлық кеңістік те сондай жаңа құқықтық «жолды» талап етеді. Технологияның тілі ағылшынша болғанымен, осы әлемдегі адамның қадірін сақтау, құқығын аяқасты етпеу мәселесі — қазаққа да, адамзатқа да ортақ.

## СӨЗ БОСТАНДЫҒЫНЫҢ ЖАҢА АЛАҢЫ

Цифрлық құқық тек жеке деректерді қорғаумен шектелмейді. Интернет — пікір айтылатын, ақпарат тарайтын, қоғамдық пікір қалыптасатын алып алаң. Сондықтан жаңа Конституцияның 23-бабы ерекше мәнге ие. Онда, біріншіден, «сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі». Екінші тармағымен зияткерлік меншік қорғалады. Үшінші тармағына сәйкес, мемлекеттік құпияларды қоспағанда, еркін ақпарат алу және тарату құқығы заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен іске асырылатыны нықталды. Бұл ретте «цензураға тыйым салынады».

Бірақ жауапкершіліксіз еркіндік — анархияға және хаосқа соқтырады. Сол себепті Ата заңның 23-бабы сөз еркіндігі және ақпарат тарату еркіндігі басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс екенін айқындайды. Бұл норма енді ғаламтордағы, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі, жалпы, цифрлық әлемдегі пікірталастың да құқықтық шекарасы белгіленгенін көрсетеді.

Жалған ақпарат, жала, адамның абыройын таптау, зорлықты немесе өшпенділікті насихаттау, азаматтардың аманат етіп сеніп

мен қоғамдық мүмкіндіктер тек технологияны жақсы менгерген адамға ғана емес, баршаға қолжетімді болуы керек.

Осы орайда Президент 2026 жылғы 9 қаңтарда қол қойған және 6 айдан соң, биылғы шілдеде күшіне енген Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексті Конституциядағы осы нормалардың іс жүзіндегі, практикалық жалғасы іспетті. Кодекстің 4-бабында цифрлық ортадағы адамның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, қауіпсіздік, цифрлық ортаның қолжетімділігі мен инклюзивтілігі «негізгі қағидат» ретінде бекітілген.

Ал 10-бабы мемлекетке азаматтардың цифрлық технологиялар мен қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету міндетін жүктейді. Яғни цифрландырудың мәні — ғаламтордың, жалпы жаңа технологиялардың қақпасын баршаға бірдей айқара ашу болса керек. Әйтпесе, цифрлық тосқауылдар да әлеуметтік кедергіге, қоғамдағы теңсіздікке айналуы мүмкін.

Конституциялық кепілдік нақты құқықтық тетіктермен нығайса ғана өміршен болады. Осы тұрғыда Цифрлық кодексте әр азаматтың өз дербес деректеріне қол жеткізуге, оларды бақылауға, жоюға, өңдеуді шектеуге, сондай-ақ деректердің қандай мақсатта және қандай құқықтық негізде пайдаланылып жатқанын, анық-қанығын сұрап білуге құқығы көзделген. Заң енді цифрлық бірегейлікті «жеке мүліктік емес игілік» ретінде қорғайды. Кодекстің 41-бабы, мысалы, кез келген жаннның дербес деректерін ғаламтордан жоюы, анонимдеуі және өңдеуді шектеуі мәселелерін реттейді.

Қазақ қоғамы тайай заманды бастан өткерді: дала заңы ауызша айтылды, кейін қағазға түсті, енді ол цифрлық кодқа да айналып отыр. Бірақ құқықтың өзегінде өзгермейтін бір өлшем бар. Ол — адамның қадірі. Адам алгоритмнен биік. Жаңа Ата заң осыны мензейді.

Бұрын ел ішінде «біреудің ала жібін аттама» деген сөз болса, бүгін оның цифрлық баламасы «біреудің дерегіне қол сұқпа» дегенге саяды. Технологияның аты өзгергенімен, адамдықтың өлшемі өзгермеуге тиіс.

Сондықтан жаңа Конституцияның цифрлық кеңістікке қатысты нормаларын тек техникалық жаңалық деп қарау аздық етеді. Бұл — мемлекет пен азамат арасындағы жаңа қоғамдық келісімнің бір белгісі.

Қорыта айтқанда, цифрлық ортада азаматтардың құқықтарын қорғау — тек техникалық немесе заңгерлік ресім емес, бұл ұлттың рухани кемелдігі мен мәдениетінің көрінісі. Бабалар аманат еткен әділдік пен адамгершілік қағидаттарын жаңа заманның озық технологияларымен ұштастыра білген Қазақстан ғана цифрлық дәуірдің көшін бастай алады. Әрбір азаматының виртуалды әлемде де қорғалғанын айқын сезіріп, қоғамдағы сенім мен тыныштықтың мызғымас тірегіне айнала алса, Ата заңымыздың рухы мен пәрмені содан айқын көрінбек.

# ҚАРАҒАНДЫ ҚЫС СЫНЫНА ДАЙЫН БА?

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Қарағанды облысына іссапармен келді. Негізгі мақсат – өңірдегі жылумен жабдықтау жүйелерінің алдағы жылыту маусымына дайындығын тексеру және 2025–2029 жылдарға арналған «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясындағы стратегиялық инфрақұрылымды жаңғырту барысымен танысу.

**А** Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

Іссапар аясында Қанат Бозымбаев Теміртау және Қарағанды қалаларындағы бірнеше нысанды аралады. Онда өңірдің инженерлік желілерін ауқымды жаңарту жұмыстары, атап айтқанда, жылу магистральдары мен су құбырын реконструкциялау, су бұру жүйелерін, электр желілері мен қосалқы станцияларды жаңғырту барысы таныстырылды.

Айта кету керек, жылу магистральдарын, су тазарту қондырғыларын, электр желілерін және қосалқы станцияларды

қайта құру жұмыстарымен танысу барысында нысандардың көпшілігі 1960–1970 жылдары салынғаны және 80%-ға дейін тозғаны анықталды.

Теміртау жылу магистралінің бір бөлігі ең проблемалы болып саналады. Құбырлар 1967 жылы орнатылған және содан бері ауыстырылмаған, яғни олардың 75%-ы тозған. Тек соңғы бес жылда ғана осы учаскеде 38 істен шығуы тіркелген.

— Тозығы жеткен құбырларды жөндеу, қалпына келтіру Теміртау қаласының 60 мың тұрғынын жылумен жабдықтауда сенімін арттырады. Осы жұмыстарды атқарғаннан кейін апат азайып, үздіксіз

жылу беріледі деген үміттеміз, — делі Теміртау қаласының әкімі Сапар Сатаев жаңғыртуға деген халық үмігін сипаттай отырып.

Аяқталған жаңғыртудың маңызды нәтижесі қаладағы тағы бір жылу магистралінің жөнделуі еді. 7200-ден астам тұтынушыны жылумен қамтамасыз ететін 3,64 шақырымдық учаскеде соңғы жылыту маусымы алғаш рет апатсыз әрі үздіксіз жылу берумен өтті.

Ал Қарағанды қаласында Қанат Бозымбаев алдымен сумен жабдықтау мәселесіне тоқталды. Премьер-министр орынбасарына болашақ жаңғыртылған су тазарту қондырғысының жобасы ұсынылды. Қазіргі нысан жарты ғасырдан астам уақыт бойы жаңартылмай жұмыс істеп келеді және 80%-ы тозған. Соңғы үш жылда 89 апат тіркелген.

— Бұл қондырғының тұрақты жұмыс істеуі Қарағанды, Теміртау қалалары мен Ақтас кентінің шамамен 695 мың тұрғынын және ең бастысы, Қарағанды ЖЭО-3 ауызсумен қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Қайта құрудан кейін үздіксіз сумен жабдықтау, ауызсууды тазартуды жақсарту және апатты жағдай қаупін азайтады, — деп сендірді «Қарағанды Су» ЖШС бас директоры Ербол Төлеуов.

Сонымен қатар аймақта электр желісі де жаңғыртылуда. Электр желілері мен қосалқы станцияларды қайта құру бойынша барлығы алты жоба әзірленді, оның төртеуі қазірдің өзінде іске асырылуда.

Тағы бір маңызды жоба — Қарағандыдағы жылу магистралі, ол 817 көпқабатты үйдің 183 мың тұрғынын және 611 әлеуметтік нысанды жылумен қамтамасыз етеді.

— Үш жыл ішінде осы учаскеде осындай 122 оқиға тіркелді. Өткен жылы ең проблемалы учаскелерді жаңғыртудан кейін олардың саны 2025–2026 жылдардағы жылыту маусымында аздап азайды. Қазіргі ауқымды қайта құру қолданыстағы жүйенің



сенімділігін арттырады, ал болашақта жаңартылған магистраль жаңа тұтынушыларды қосуға мүмкіндік береді деген үміттеміз, — деп атап өтті «Теплотранзит Караганда» ЖШС бас директоры Андрей Ляпунов.

Аумақтағы коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуды бағалай отырып, Қанат Бозымбаев қазіргі басты міндет — ең тозығы жеткен учаскелерді қайта құруды уақытылы аяқтау және коммуналдық инфрақұрылымның жылыту маусымына толық дайын болуын қамтамасыз ету екенін атап өтті.

— Қарағанды облысында жұмыс жақсы жүріп жатыр: жылу және электр желілерінің ең зақымдалған және тозған бөліктері ауыстырылуда. Аймақтың мақсаты — барлық қажетті жұмыстарды 15 қыркүйекке дейін аяқтау, қысымды тексеру және жылыту маусымына 100% дайындықпен кіру. Түптеп келгенде, мұның бәрі халық үшін жасалып жатыр. Жылу, су және электр энергиясын

адамдар күнде пайдаланады, сондықтан біз бұл қызметтердің сенімділігін қамтамасыз етуіміз жеке өмір сүру сапасын жақсартуымыз керек, — деп атап өтті Қанат Бозымбаев.

Ол сондай-ақ жобаларға негізінен отандық өндірушілердің өнімдерін пайдаланылатынын атап өтті. Көптеген нысан қазақстандық қамтудың үлесі 95%-дан асады, ал кейбір жобалар толығымен отандық өндірістің құрылыс материалдарын пайдалану арқылы салынууда.

Қанат Бозымбаев жаңғырту жұмыстарын уақытында аяқтап қана қоймай, сонымен қатар жоғары деңгейде жүргізу керектігін атап өтті. Қарағанды облысының коммуналдық инфрақұрылымының алдағы қыста сенімділігі осыған тікелей байланысты.

Сонымен қатар Қарағанды облысының әкімдігінде ЭКСЖ ұлттық жобасы Жобалық кесімсізін көшпелі отырысы өтті. Жылна орталық мемлекеттік органдардың басшылары, өңір әкімдерінің орынбасарлары мен салалық ұйым өкілдері қатысты.





ӘЛЕУМЕТ

13 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ОҢАЛТУДЫҢ  
ОҢ ӘСЕРІ МОЛ

■ Ауруханадан аман шыққан әрбір науқастың алдында тағы бір маңызды сынақ тұрады. Ол – қалыпты өмірге қайта оралу. Дәрігерлер адам өмірін сақтап қалуды емдеудің алғашқы кезеңі ғана дейді. Ал адамның қайта жүріп, сөйлеп, өздігінен тіршілік етуі медициналық оңалтудың сапасына байланысты.

**Айгүл СЕЙІЛ**

Қазақстанда жүрек-қан тамырлары аурулары халық денсаулығына төнген негізгі қауіптің бірі болып қала береді. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы елімізде 21 588 адам миокард инфарктімен, 53 мыңнан астам адам инсультпен ауруханаға жатқызылған. Бұл көрсеткіштер жыл сайын өзгергенімен, жүрек-қан тамырлары ауруларының өзектілігі төмендеген жоқ. Сондықтан мемлекет аурудың алдын алумен қатар, медициналық оңалтуды дамытуға басымдық беріп отыр.

Инсульт пен инфаркт – шұғыл медициналық көмекті ғана емес, кейінгі ұзақ-мерзімді қалпына келтіруді де қажет ететін аурулар. Егер алғашқы сағаттарда адамның өмірі үшін күрес жүрсе, кейінгі айларда оның өмір сапасы үшін күрес басталады.

ЕРТЕ БАСТАУ –  
САУЫҒУДЫҢ КЕПШІ

Реабилитолог Гүлнәр Бейсембаеваның айтуынша, оңалтуды мүмкіндігінше ерте бастаған жөн.

— Медициналық оңалту — тек массаж емес. Ол — адамның қозғалысын, сөйлеуін, есте сақтау қабілетін және күнделікті өмірге

бейімделуін қалпына келтіретін кешенді ем. Ерте басталған оңалту қалпына келуді жылдамдатады. Ал кеш басталған жағдайда бұлшықеттер әлсіреп, жоғалған қызметтерді қалпына келтіру қиындайды, — дейді маман.

Дәрігердің айтуынша, оңалту бағдарламасы әр науқасқа жеке жасалады. Оның ұзақтығы аурудың ауырлығына, адамның жасына және жалпы денсаулық жағдайына байланысты бірнеше айдан бір жылға дейін созылуы мүмкін.

Инсульттен кейін есте сақтау қабілетінің төмендеуі, сөйлеудің бұзылуы, күйзеліс пен депрессия жиі кездеседі. Сондықтан мұндай науқастармен реабилитолог, невролог, логопед, физиотерапевт, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы, психолог және қажет болған жағдайда еңбек терапевті жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ересектерге арналған физикалық медицина және медициналық оңалту бейіні бойынша бас штаттан тыс маманы Ғалия Жанаспаеваның айтуынша, медициналық оңалту барлық науқасқа бірдей тағайындалмайды.

Пациенттің қозғалу мүмкіндігі, өзіне-өзі қызмет ету қабілеті және қалпына келу әлеуеті мультидисциплиналық топтың қатысуымен бағаланады. Медициналық көрсетілімі бар азаматтар ғана оңалтуға жіберіледі.

2026 жылдың алғашқы алты айында миокард инфарктінен кейінгі пациенттердің 19 пайызы, ал инсульттен кейінгі пациенттердің 51 пайызы медициналық оңалтудан өткен. Кейбір науқастар ауруды жеңіл өткеретіндіктен қосымша оңалтуды қажет етпейді, ал кейбіріне уақытша қарсы көрсетілімдер болуы мүмкін.

«Медициналық оңалтуға жолдаманы дәрігер-реабилитологтың ұсынымы негізінде емханадағы алғашқы медициналық-санитариялық көмек дәрігері береді. Пациентке оңалтуды жалғастыру қажеттілігі ауруханадан шығарылар кезде немесе емханада түсіндіріледі.

Сонымен қатар министрлік деңгейінде халықты ақпараттандыру жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Дәрігерлер мен медициналық ұйымдар оңалтудың маңызы мен МӘМС арқылы тегін көрсетілетін қызметтер туралы жан-жақты ақпарат береді. Ен бастысы — оңалтуды кешіктірмеу. Өйткені емді уақытында бастау қалпына келу мүмкіндігін арттырады», — дейді Ғалия Жанаспаева.

Бүгінде медициналық оңалту Қазақстанның барлық өңірінде көрсетіледі. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, елімізде медициналық оңалту қызметін ұсынатын 681 медициналық ұйым бар. Оның 379-ы мемлекеттік, 302-сі жекеменшік.

2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 315 медициналық ұйым инсульттен кейінгі неврологиялық оңалтумен, 220 ұйым кардиологиялық оңалтумен және 56 ұйым кардиохирургиялық оңалтумен айналысады.

Егер күрделі оңалту қажет болса, пациент аудандық ауруханадан облыстық немесе республикалық мамандандырылған орталықтарға жіберіледі. Осылайша, қажетті медициналық көмекті тұрғылықты жеріне қарамастан алу мүмкіндігі қарастырылған.

МӘМС АЯСЫНДАҒЫ ТЕГІН ЕМ

Медициналық оңалту міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында тегін көрсетіледі. Ол үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең негізгі еммен қатар ауруханада басталады. Екінші кезең стационарда



жалғасады. Ал үшінші кезең емханада, күндізгі стационарда, оңалту орталықтарында немесе қажет болған жағдайда санаторийде жүргізіледі.

Министрліктің мәліметінше, 2026 жылы медициналық оңалтудың екінші кезеңінен өткен жағдайлар саны 91 мыңға жеткен. Бұл оңалту қызметіне сұраныстың жылдан-жылға артып келе жатқанын көрсетеді.

Аймақтардағы көрсеткіштер де осы үрдісті айғақтайды. Мысалы, Шымкент қаласында бытыр инсульт алған 1 700-ден астам пациент стационарлық оңалтудан өтіп, бұл максатқа 531 миллион теңгеден астам қаражат жұмсалған. Қаладағы 24 медициналық ұйым бір жыл ішінде 450 мыңнан астам оңалту қызметін көрсеткен. Бұл медициналық оңалтудың денсаулық сақтау жүйесіндегі маңызы артып келе жатқанын аңғартады.

Медициналық оңалтудың тиімділігі тек заманауи құрал-жабдыққа емес, білікті мамандарға да байланысты. 2025 жылғы 1 қантардағы мәлімет бойынша, Қазақстанда 1 130 дәрігер-реабилитолог жұмыс істейді. Оның 144-і ауылдық жерде қызмет көрсетеді. Бүгінде еліміздің 8 медициналық жоғары оқу орны физикалық медицина және медициналық оңалту мамандарын даярлайды. Соңғы бес жылда 440 реабилитолог

дайындалған. Сонымен қатар эрготерапевт пен кинезиотерапевт мамандарын даярлау жұмыстары да кезең-кезеңімен жолға қойылып жатыр.

Дәрігерлердің айтуынша, инсульт пен инфаркттан кейінгі алғашқы апталар мен айлар — ағзаның ең белсенді қалпына келетін кезеңі. Дәл осы уақытта жүргізілген оңалту қозғалыс, сөйлеу, есте сақтау және өзіне-өзі қызмет ету қабілетін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

— Оңалтудан бас тартқан адамдарда мүгедектік қаупі артады. Ал уақытылы жүргізілген оңалтудың арқасында қайта жүріп кеткен, сөйлей бастаған, бұрынғы жұмысына оралған науқастар аз емес, — дейді реабилитолог Гүлнәр Бейсембаева.

Ал Денсаулық сақтау министрлігі алдағы жылдары оңалту бөлімшелері мен орталықтарының санын көбейтуді, жана мамандар даярлауды, цифрлық технологияларды енгізуді және үй жағдайында көрсетілетін оңалту қызметін кеңейтуді жоспарлап отыр.

Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың ортақ ұстанымы бір. Инсульт пен инфаркттан кейінгі ем ауруханадан шыққан күні аяқталмайды. Керісінше, сол сәттен бастап адамның қалыпты өмірге қайта оралу жолы басталады. Ал сол жолдың ең маңызды бөлігі — медициналық оңалту.

МҰРАҒА ҚАЛҒАН  
МИЛЛИОНДАРДЫҢ  
МАШАҚАТЫ



■ Әсем табиғаты бар десек те, Көкшетауда көңілге кірбің шалғызатын түйткілдер азаяр емес. Әсіресе көптен бері қордаланып келе жатқан «жайлы» пәтерлердегі жайсыздықтар жұртшылықты аса қатты алаңдатаып тұр. Салдарынан шаһардың жүздеген көпқабатты үйлері әлі күнге қарапайым игіліктердің өзіне қол жеткізе алмай келеді. Үйлердің аулалары абаттандырылмай, подъездерінің жарық шамдары жанбай, көгілдір отын баллонын күні бүгінге дейін белі қайысып баспалдақпен көтеріп жүргендер жетерлік. Ащы жанайқайын жыл сайын әкімдікке барып, есептік кездесулерде тікелей көтеріп, әлеуметтік желілерде өкпе-назын жіпке тізгенімен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қордаланған мәселелер шешімін таппай тұр.

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**  
Ақмола облысы

Кенес дәуірінен бері келе жатқан пәтер иелері кооперативінің орнына кейінгі кезде тұрғын үйлерді басқарушылық компанияларға беру тым кең етек алғаны рас. Құзырлы сала осылайша ондаған жылдар бойы қордаланған жайттарды азантай уақыт ішінде тиімді түрде шешуді көздеген. Алайда бұл қаражаттың заң алдындағы иесі кім екені, банкротқа ұшыраса яки кенеттен қайтыс болған жағдайда ұсынылған қаражаттың «желге ұшу» ықтималдылығы ескерілмей қалғанға ұқсайды. Жуырда ғана Көкшетауда болған екі бірдей қайғылы оқиға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының заннамалық тұрғыда да, жергілікті билік тарапынан бақылау жағынан да аса қиын жағдайда екенін аңғартты. Яғни, мәселен, баспана иелері өз тұрғын үйлеріндегі лифт қызметін жөндеу, электр жарығын қалпына келтіру, аулаларын абаттандыру сияқты тағы да басқа қажетті жұмыстарға қаражаттарын уақытында бөлгенімен, ол ақшаның қорғалуына заң жүзінде жауап берілмейтін болып шықты. Басқарушы компания басшысы қайтыс болса, ол ақшаның қорғалуы да күмәнді болып отыр.

ЗАҢ ҚОРҒАМАҒАН АҚША

Кейінгі алты ай ішінде Көкшетауда көпқабатты үйлерді басқаратын екі бірдей компанияның басшысы күтпеген жерден

өмірден өтті. Бұл оқиғалар тек адами қайғы ғана емес, тұрғындардың жылдар бойы жинаған қаржысының тағдырына қатысты аса үлкен мәселені де күн тәртібіне шығарды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының жілігін шағып, майын ішкен сарапшы маман Айгүл Арынованың айтуынша, алғашқы жағдайда қайтыс болған Әйел тек басқарушы компанияның жетекшісі ғана емес, өзі қызмет көрсеткен әрбір үйдің мүлік иелері бірлестігінің де төрайымы болған. Осы жағдайдың өзі мемлекеттік бақылаудың тым әлсіздігін аңғартады.

— Бұл мәселені қалалық тұрғын үй инспекциясы дер кезінде бақыламаған сияқты. Әйел қайтыс болғаннан кейін басқарушылық компанияның қарауындағы бұл үйлердің аса қомақты сомадағы қарызы бар екені анықталды. Тіпті тұрғындарға лифт қызметі тоқтатылды. Абырой болғанда, әр үйде жеке мүлік иелері бірлестігі болғандықтан қаражат үйлердің есепшотында сақталып, мәселе біртіндеп шешілді, — дейді Айгүл Арынова.

Алайда екінші оқиға бұдан әлдеқайда күрделірек болған. Қызығы сол, компанияның басшысы қайтыс болған соң, тұрғындардың жинаған ақшасы сол компания басшысының ұрпағына «мұра» болып қалған. Сонымен тарқатып айтсақ, Басқарушы компания шамамен он көпқабатты үйге қызмет көрсеткен. Компания жеке кәсіпкер ретінде тіркелген. Басшы қайтыс болғаннан кейін ешкім күтпеген жайтқа тап болады. Осы үйлердің барлығынан тұрғындар жинаған қаражат сақ-

талған барлық банк шоттары заң бойынша марқұмның мұрагерлеріне өтіп кеткен. Сонымен бірге әр үйдің электр энергиясы мен лифт қызметі үшін де қыруар көлемде берешегі бары анықталған. Енді тұрғындар сотта немесе басқа құқықтық тәртіппен банктегі қаражаттың жеке кәсіпкердің емес, нақты сол үйлерден алынған өз ақшасы екенін дәлелдеуге мәжбүр.

Бұл — тұрғындардың өз ақшасына өзі иелік ете алмайтын құқықтық парадокс болып отыр. Яғни заңдық тұрғыдан алғанда тұрғындардың қауіпсіздігі аяқасты қалғаны анық аңғарылады.

ҚАУІП ТЕК ӨЛІММЕН  
ШЕКТЕЛМЕЙДІ

Сарапшының айтуына қарағанда, мәселе мұнымен де аяқталмайды. Егер басқарушы компанияның басшысы өзінің жеке максаттағы қарыздарын өтей алмай банк алдында борышкерге айналған жағдайда, сол компания басқаруындағы тұрғын үйлер де қарызға белшесінен батады. Яғни компания мессіні есепшоттарына тыйым салынса, салық немесе сот орындаушылары шектеу қойса, сондай-ақ жиналған қаражатпен ізін суыттып ізім-ғайым қашып кеткен жағдайда да тұрғындардың ақшасы сол кәсіпкердің мүлкімен бірге бұғатталуы немесе өндіріп алынуы әбден мүмкін.

— Осы бір көріністерден заннаманың әлсіз әрі шикі тұстары ашық көрінді. Қазіргі модель тұрғындардың қаражатын

басқарушы компаниялардың кәсіпкерлік тәуекелінен мүлдем қорғай алмайды, — дейді Айгүл Арынова.

Бұл пікірмен Астанадағы «Территория права» қоғамдық бақылау тобының жетекшісі Павел Шульгин де келісетінін жеткізді. Оның айтуына қарағанда, мәселе тек жеке кәсіпкерлерге ғана қатысты емес. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде тіркелген басқарушы компанияларда да тәуекел жеткілікті.

— Занды тұлғаның жүздеген есепшоты болуы мүмкін. Әрқайсысын белгілі бір үйге қатысты деп есеп айырысу орталығына тіркеп қояды. Бірақ компанияның өзі банкрот болуы, қызметін тоқтатуы, борышкерге айналуы немесе есепшоттарына тыйым салынуы әбден мүмкін, — дейді Павел Шульгин.

Оның сөзінше, ең күрделі мәселенің бірі — коммерциялық құпия. Тұрғындар өздері жинаған ақшаның нақты қанша көлемде түскенін немесе қаншасы жұмсалғанын банк арқылы да, басқарушы компания арқылы да толық біле алмайды.

— Егер сіз басқарушы жауапкершілігі шектеулі серіктестік есепшотындағы ақша қозғалысын сұрасаңыз, ешкім толық есеп беруге міндетті емес. Себебі коммерциялық құпия ұғымы бар, — дейді сарапшы.

Яғни тұрғындардың қаражаты болғанымен, оны өздерінің тікелей бақылауға алуына мүмкіндігі жоқ.

БАРЛЫҚ БАСҚАРУШЫ  
КОМПАНИЯ БІРДЕЙ ЕМЕС

Дегенмен бұл пікірмен Көкшетаудағы «Алтын-Тірек» басқарушы компаниясының басшысы Золотхан Озиева толық келіспейтінін ашық айтты. Оның айтуынша, мәселе компанияның құқықтық мәртебесінде емес, қаржының қалай ұйымдас-тырылғанында болып отыр.

— Мәселен, біздің компания жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде тіркелген. Әр үйдің жеке есепшоты бар. Қауіп барлық қаражат бір ғана жеке кәсіпкердің есепшотында жиналған кезде туындайды. Ондай жағдайда оның қайсысы кәсіпкердің жеке ақшасы, қайсысы тұрғындардың қаражаты екенін дәлелдеу қиын, — дейді Золотхан Озиева.

Көкшетаудағы бес қабатты үйдің мүлік иелері бірлестігінің төрағасы Дмитрий Даныко заң талаптарын дұрыс сақталса, тұрғындардың қаражатын қорғауға болатынын айтады. Оның сөзінше, ол үшін әр үйде ағымдағы есепшот сондай-ақ жинақтау есепшоттары болуға тиіс. Бұлардың екеуі де мүлік иелері бірлестігінің атына рәсімделеді. Төраға тек ағымдағы шоттағы қаражатты ғана пайдалана алады. Ал жинақтау қорындағы ақша тұрғындардың кемінде 51 пайызы келісім берген жағдайда ғана жұмсалады.

— Мен де осы үйдің тұрғынымын. Ақшаны алып қашып кетемін деу қисынсыз. Әр айдың 20-сында басқарушы

компания есеп береді. Мұны тұрғын үй инспекциясы да тексереді, — дейді Дмитрий Даныко.

Дегенмен Павел Шульгиннің пікірінше, мүлік иелері бірлестігінің есепшотына басқарушы компанияға сенімхат беру де қауіпсіз шешім емес. Өйткені заң бойынша тұрғындардың қаражатына түпкілікті жауап беретін адам — мүлік иелері бірлестігінің төрағасы. Егер қаражат зансыз жұмсалса немесе жоғалса, жауапкершілік те соған жүктелмек. Сондықтан сарапшы жұмыстарды тек келісімшарт негізінде орындап, төлемді нақты орындалған қызмет үшін ғана жүргізуді ұсынады.

Павел Шульгин көтерген тағы бір мәселе — тұрғындардың жинақ қорындағы қаражаттың тым құнсызданып кетуі болды. Оның есебінше, екінші деңгейлі қаражатрдың есепшоттарында көпқабатты үйлердің ондаған миллиард теңге көлеміндегі жинақ қаражаты сақтаулы. Алайда жеке тұлғалардың депозиттері жылына 10-20 пайызға дейін табыс әкелсе, заңды тұлғалардың шоттарына ұсынылатын сыйақы мөлшерлемесі небәрі 7-10 пайызды құрайды. Инфляция жағдайында бұл қаражаттың сатып алу қабілеті жылдан-жылға төмендей береді.

Бүгін жиналған ақша бірнеше жылдан кейін жоспарланған күрделі жөндеуге жетпеуі әбден мүмкін.

Көкшетаудағы екі бірдей қайғылы оқиға бір ғана қаланың мәселесі емес. Бұл — Қазақстандағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесінің институционалдық және заңдық тұрғыдан әлсіздігін көрсеткен нақты мысал. Бүгінде елімізде тұрғындардың миллиардтаған теңгесі жеке кәсіпкерлердің немесе коммерциялық ұйымдардың есепшоттары арқылы айналымға түскен. Бірақ сол қаражаттың меншік құқығы, құқықтық қорғалуы неке төтенше жағдайлардағы тағдыры нақты қалай болатыны әрі толық реттелмеген болып шықты.

Сарапшылардың пікірінше, заннамада кем дегенде бірнеше мәселе қайта қаралуға тиіс. Біріншіден, тұрғындардың қаражатын басқарушы компанияның жеке активтерінен толық ажырату керек. Яғни басқарушы компания банкрот болған немесе басшысы қайтыс болған жағдайда қаражаттың автоматты түрде тұрғындарға тиесілі екені заңмен бекітіліп берілуі керек. Сонымен қатар әр үйдің есепшотына толық ашық цифрлық бақылау енгізу, тұрғындардың қаражатын үшінші тұлғалардың өндіріп алуынан қорғаудың арнайы тетігін қалыптастыру түйінді түйткілдің уақыт созырмай шешімін табуына ықпал етеді. Өйткені тұрғындардың ай сайын төлейтін ақшасы — басқарушы компанияның табысы емес. Ол — тұрғындардың ортақ мүлкі. Егер заң осы қаражатты толық қорғай алмаса, кез келген күтпеген жағдай мындаған отбасының жылдар бойы жинаған қаржысын бір-ақ сәтте «желге ұшыруы» әбден мүмкін.



МІНБЕР

13 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ



Кеше, 12 тамызда дүниежүзінде Халық-аралық жастар күні атап өтілді. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1999 жылы 12 тамызды Халықаралық жастар күні ретінде бекітіп, бұл күнді жастардың қоғам дамуындағы әлеуеті мен рөлін айқындайтын маңызды күн ретінде белгілеген. Бүгінде бұл ұстаным еліміздің кадрлық саясатында да үндестік тауып, жас мамандардың кәсіби тұрғыдан қалыптасуына, мемлекеттік қызметке тартылуына және жаңа буын көшбасшыларын қалыптастыруға басымдық берілуде.

**Дархан ЖАЗЫҚБАЙ,**  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы:

# ЖАСТАРҒА СЕНІМ – ЖАҢА КАДРЛЫҚ САЯСАТ

Мемлекет басшысының бастамасымен еліміздегі мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудағы басымдықтардың бірі жастарға деген жауапкершілік пен зор сенім арудан көрініс тауып отыр.

Жастарға сенім — мемлекеттің стратегиялық ұстанымына айналды. Жастар кадр резервтері соның айқын айғағы.

Президенттік жастар кадр резерві — қазіргі еліміздегі ең маңызды HR жобалардың бірі. Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен қолға алынған бұл жоба мемлекеттік қызметті жаңғыртудың және заман талабына тиімді жауап бере алатын, елдің орнықты дамуын қамтамасыз ететін басқарушылардың жаңа буынын қалыптастыруды көздейді.

Президенттік жастар кадр резервін құру идеясы алғаш рет Мемлекет басшысының 2019 жылғы сайлауалды бағдарламасындағы негізгі бастамалардың бірі болды. Сол жылдың күзінде алғашқы іріктеу өткізіліп, қорытындысына сәйкес резервке 300 жас маман қабылданды.

Алғашқы іріктеуге қатысушыларға арнаған сөзінде Мемлекет басшысы білімді, еңбекқор, отаншыл жастардың еліміздің орнықты дамуының басты қозғаушы күші және жаңару үдерісі өзінің ішкі саяси бағытындағы басымдықтарының бірі екендігін атап өтті. Осы айтылғандар тек бағдарламалық мәлімдеме ғана емес, мемлекеттік кадр саясатын жүйелі түрде жаңғыртудың басты бағытына айналды.

Жобаны іске асырудың алғашқы нәтижелері бағдарламаның дұрыс екенін көрсетті. Адами капиталға салынған инвестициялар мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудың маңызды факторларының бірі, ал дарынды жастарды анықтау, олардың әлеуетін дамыту және қызметте ілгерілету мемлекеттік кадр саясатының стратегиялық басымдығы болып отыр. Осылайша, Президенттік жастар кадр резерві мемлекеттік аппаратқа білімді жас мамандарды тартудың тиімді тетігі ретінде қалыптасты.

Жоба өзінің сұранысқа ие екенін толық көрсетті. Елімізде басқарушы кадрларды іріктеудің ашық конкурсы, айқын рәсімдерге және үміткерлердің кәсіби әрі жеке құзыреттерін әділ бағалауға негізделген жаңа жолы қалыптасты. Бұл жас мамандардың өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігін едәуір арттырып, мемлекеттік басқару жүйесіне білікті кадрларды тартуға және мемлекеттік қызметті одан әрі жаңғыртуға қолайлы мүмкіндіктер тудырды.

Аз ғана уақыт ішінде Президенттік жастар кадр резерві Мемлекет басшысының жаңа бастамасынан еліміздің кадрлық әлеуетін қалыптастыратын негізгі институттардың біріне айналды. Жобаға деген жоғары қызығушылық төрт іріктеу кезеңінің нәтижелерінен айқын көрініс тапты. Жалпы, төрт рет өткізілген іріктеу көрсеткендей, Резерв құрамына кіруге ниет білдіргендердің саны 98 мыңнан асты, олардың ішінен ең білікті әрі ынталы 450 маман Президенттік жастар кадр резервінің құрамына қабылданды.

Іріктеу барысында үміткерлердің кәсіби білімі, ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті, стратегиялық ойлау деңгейі, көшбасшылық қасиеттері, құндылықтары және басқарушылық әлеуеті бағаланады. Заманауи цифрлық технологиялардың қолданылуы іріктеу үдерісін барынша ашық, қолжетімді және ынғайлы етті. Соның арқасында Қазақстанның барлық өңірінде тұратын, сондай-ақ шетелде жүрген Қазақстан азаматтары да конкурсыға еркін қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Президенттік жастар кадр резерві мемлекеттік басқару жүйесіне қойылатын жаңа талаптарды ескере отырып, іріктеу тетіктерін жетілдіру арқылы тұрақты түрде

дамып келеді. Әрбір жаңа іріктеуде үміткерлерді әділ бағалауға, олардың қабілеті мен әлеуетін дұрыс анықтауға және мемлекеттік аппаратқа қажетті білікті мамандарды таңдауға мүмкіндік беретін заманауи тәсілдер қолданылды.

Мәселен, 2025 жылғы 1 маусымда басталған төртінші іріктеудің басты ерекшелігі — кандидаттар алты салалық бағыт бойынша іріктеуге қатысып, әр бағытта тенгерімділік қағидаты сақталды. Бұл тәсіл мемлекеттік басқарудың түрлі саласының қажеттіліктерін ескере отырып, кадр резервін барынша тиімді әрі тенгерімді қалыптастыруға мүмкіндік берді. Іріктеу бағыттарына әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам, инфрақұрылымды дамыту, өнеркәсіп және сауда саясаты, цифрландыру, экономикалық және қаржылық саясат, агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ сыртқы саясат және инвестициялар салалары кірді.

Жобаның басты қағидалары — ашықтық, әділдік және үміткерлердің басқарушылық қабілетін жан-жақты бағалау тұрақты сақталып келеді. Қазір резервке енген мамандардың 78,4%-ы мемлекеттік басқару жүйесінде еңбек етіп, ел игілігі жолында қызмет атқаруда. Олардың 37%-дан астамы қызмет барысында екі реттен аса мансаптық ілгерілеуден өтті.

Жобаның басты жетістіктерінің бірі — меритократия қағидатын нақты жүзеге асыру. Яғни азаматтардың шығу тегіне, тұрғылықты жеріне немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан, ең білікті әрі кәсіби дайын мамандарды ілгерілету. Президенттік жастар кадр резерві тең мүмкіндік берілген жағдайда жаңа буын өкілдері мемлекеттік дамудың күрделі міндеттерін шешуге жауапкершілікпен атсалыса алатынын іс жүзінде көрсетті.

Мемлекет басшысының өзі де жастар кадр резерві өкілдерімен кездесуде бұл жобаның елдің баянды болашағы жолындағы маңыздылығына жан-жақты тоқталып өткен болатын.

Кадрлық саясатты қалыптастыруда жастарға берілген басымдылық Президенттік жастар кадр резервімен шектелмейді. Осы саясаттың жалғасы ретінде Өңірлік кадр резервтерін қалыптастыру қолға алынды.

2024 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен еліміздің барлық аймағында алғаш рет облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана үшін Өңірлік кадрлық резервтерге іріктеу өткізілді. Нәтижесінде, жергілікті атқарушы органдарға қажетті жас әрі білікті мамандар резерві қалыптастырылды. Бұл аймақтардағы талантты жас мамандарды анықтап, олардың мемлекеттік қызметке келуіне және өз қабілеттерін көрсетуіне жол ашты.

Іріктеу нәтижесінде Өңірлік кадр резервіне 505 азамат қабылданып, уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлім-шесімен келісу арқылы жергілікті атқарушы органдардың «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына конкурстық орналасу мүмкіндігіне ие болды Бұл өңірлерге білікті мамандарды тарту, жергілікті кадрлық әлеуетті дамыту және мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру жолындағы маңызды қадам болып отыр.

Өңірлік кадр резервтерге қосымша ретінде 2023 және 2025 жылдары Президенттік жастар кадр резервіне (ПЖКР) іріктеуге қатысқан, Ұлттық комиссия отырысында қаралған, алайда ПЖКР құрамына енгізілмеген 50 адам іріктеу жүргізілмей өңірлік резервке алынды. Қазіргі уақытта өңірлік кадр резервіне есепке алынған жалпы 551 резервшінің 50,9%-ы жұмысқа орналастырылды.

Бұл ретте мұның барлығын тәжірибелі мамандарды жастармен алмастыру жұмы-

сы екен деп түсінбеу керек. Мемлекет басшысы мемлекеттік аппараттағы жинақталған тәжірибе мен сабақтастықты сақтаудың маңыздылығын үнемі айтып келеді. Себебі институционалдық жады мемлекеттік жүйенің тұрақты жұмыс істеуіне және кәсіби тәжірибенің кейінгі буынға берілуіне мүмкіндік береді. Бүгінгі кадр саясаты жас әрі білікті мамандарды тартумен қатар, аға буынның тәжірибесін пайдалану мен мемлекеттік қызметтің үздік дәстүрлерін сақтауды көздейді. Осы бағытта тәлімгерлік институты — маңызды құралдардың бірі.



**Жастар кадр резервтері еліміздің жастарына үлкен қолдау болып отыр. Сонымен қатар сапалы кадрларды елдің ішінен іріктеп алуға зор мүмкіндік тудырды.**



Жастар кадр резервтері еліміздің жастарына үлкен қолдау болып отыр. Сонымен қатар сапалы кадрларды елдің ішінен іріктеп алуға зор мүмкіндік тудырды. Біз аталған резервтерге білімді, алғыр, бастамашыл, инновациялық ойлай алатын жастарды іріктеуді тұрақты жолға қою арқылы мемлекеттік қызметшілердің жаңа буынын қалыптастыруды жүзеге асырып келеміз.

«Ақыл — жастан, асыл — тастан» деп халқымыз бекер айтпаса керек. Білімді, еңбекқор, Отанға қызмет етуді парыз санайтын жастар — еліміздің тұрақты дамуы мен өркендеуінің басты қозғаушы күші. Президент атап өткендей, «Жастар кадр резерві — мемлекеттің резерві».

Кадр саясатын жанартудың тағы бір маңызды бағыты отандық жоғары оқу орындарын жоғары көрсеткішпен бітірген түлектер үшін қосымша мүмкіндіктер жасау болып табылады. Жоғары академиялық көрсеткіштері бар жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту мақсатында оларға «Б» корпусының жекелеген әкімшілік мемлекеттік лауазымдарын конкурстық іріктеусіз атқару мүмкіндігі берілді. Яғни алдымен оқу орнын мемлекеттік грантпен үздік бітірген, оқуда жоғары көрсеткіштерге (GPA 3,33-ден жоғары) жеткен түлектер, енді аудандық және ауылдық жерлердегі төменгі мемлекеттік лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындала алатын болды. Нәтижесінде, елімізде оқу көрсеткіші 3,33 балдан төмен емес 845 маман лауазымдарға конкурс өткізілместен орналасты.

Конкурстан тыс тағайындалған түлектердің 497-і аудандық және 348-і ауылдық деңгейдегі лауазымдарға тағайындалған. Мемлекеттік қызмет жүйесіне алғаш енгізілген бұл жанашылдық білікті жастарды мемлекеттік қызметке тартуға, жас мамандарды өз ауылдары мен аудандарына қайтаруға, өңірлердегі кадр тапшылығын төмендетуге, сондай-ақ мемлекеттік қызметке кіру рәсімін жеңілдетуге ықпал етті. Бұл жас мамандардың өңірлерге, алыс ауылдарға барып, жергілікті жерлердегі қызметшілердің сапалық құрамының білімді жас кадрлармен толығына себепші болып отыр.

Биылғы жылы 19 мамырдағы қабылданған Мемлекеттік қызмет туралы заңның жаңа редакциясында аталған институтты дамыту мақсатында, түлектерді бос әкімшілік лауазымға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде (грант) конкурстан тыс тағайындау талабы алынды. Соған сәйкес, енді мемлекеттік қызметке тек грант бойынша білім алған түлектер ғана емес, ақылы түрде оқып, жоғары үлгерім көрсеткен түлектер де

ел дамуына үлес қосатын маңызды қоғамдық жобаларды жүзеге асыруға жан-жақты мүмкіндік алып отыр.

Мұның барлығы Мемлекет басшысының жастарды іс жүзінде қолдауының айқын көрінісі. Президенттің тікелей бастамасымен жастар үшін жасалып жатқан нақты мүмкіндіктер.

Мемлекет басшысы өзі де «Қазір біз бір ел болып жасампаздық жолына түстік: қоғамымызда жаңа идеялар, жаңа тұлғалар, отаншыл азаматтардың жаңа буыны пайда болуда» деп атап өткен болатын.

Президенттік жастар кадр резерві, өңірлік кадр резервтері, жоғары оқу орындарының түлектерін мемлекеттік қызметке тартудың жаңа тетіктері және жастарға ерте кәсіби бағдар беруді жүзеге асыру бұл — мемлекеттің жастарға қатысты кадр саясатының бірегей жүйесі. Олардың барлығын біріктіретін ортақ мақсат — Қазақстанның ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, кәсіби әрі тиімді мемлекеттік қызметшілер корпусын қалыптастыру. Бұл ретте жастардың бойындағы білім, күш-жігер мен әлеуетті ел мүддесіне қызмет етуге бағыттау маңызды.

«Жаңа адамдар» жастар форумында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің келешегі ойы ұшқыр, білімі терең, көзқарасы заманауи жастардың қолында» деп атап өтті.

Мемлекет басшысы сондай-ақ «Біз жұрттан көш ілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де, үйрететін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында тұрады», — деген болатын.

Президенттік бастамасымен қолға алынған жастар кадр резервтерін қалыптастыру және жастардың әлеуетін еліміздің дамуына бағыттау жұмыстары осылайша кешенді түрде жүргізіліп келеді. Ол алдағы уақытта да жалғасын таба бермек. «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін» деген Мағжан ақынның заманында айтқан сөзі бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Мемлекеттің басты капиталы — адам. Ал оның ертенгі дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі күш — жастар. Сондықтан жастардың мемлекеттік қызметке келуі тек кадр құрамын жанарту мәселесі емес, мемлекеттің болашақ бейнесін қалыптастыратын стратегиялық таңдау.

Жастар ұғымын тек жас ерекшелігімен байланыстыру жеткіліксіз. Шынайы мағынада жастар — өзгерістерді қабылдай алатын, жаңа мүмкіндіктерді көре білетін және болашаққа жанаша көзқараспен қарайтын буын. Бүгінгі жас мемлекеттік қызметші — тәуелсіз Қазақстанда қалыптасқан жаңа ұрпақтың өкілі. Ол цифрлық дәуірдің талаптарына бейімделген, қоғамның жаңа сұраныстарын түсінетін, өзгерістерге тез икемделетін және стратегиялық ойлай алатын маман.

Қазіргі әлемнің қарқынды өзгеруі мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптарды да өзгертуде. Технологиялардың дамуы, қоғамдық қатынастардың жаңаруы және мемлекеттік басқарудың жаңа модельдерінің қалыптасуы жағдайында мемлекетке жаңа жағдайларға бейімделіп, тиімді шешім қабылдай алатын, инновациялық ойлайтын және болашақтағы өзгерістерді алдын ала болжайтын мамандар қажет. Сондықтан жастардың мемлекеттік басқаруға келуі — мемлекеттік органдардағы бос орындарды толықтыру ғана емес, басқару жүйесіне жаңа мәдениет, жаңа тәсілдер мен тың идеялар енгізудің мүмкіндігі.

Алайда тиімді мемлекеттік басқару тек жанашылдыққа емес, ұрпақтар сабақтастығына да негізделуге тиіс. Осы тұрғыда Президенттің мемлекеттік аппарат үшін институционалдық жалтңн маңызы зор екендігі және өз қызметін жоғары деңгейде атқарып, мол тәжірибесі мен институционалдық жалын мемлекеттік қызметтің игілігіне тиімді пайдаланып жүрген мамандарды сақтаудың маңыздылығы туралы пікірін ескеру қажет.

Олай болса жаңа кадрлық саясатта жастарға басымдылық беруді тәжірибелі мамандардың орнын ауыстыру деп түсінуге болмайды. Аға буын кәсіби тәжірибені, институционалдық жадыны және мемлекеттік қызметтің дәстүрлерін сақтайды. Ал жас буын жаңа көзқарас, инновациялық шешімдер және даму серпінін әкеледі. Тәжірибесіз жанашылдық қателікке ұрындыруы мүмкін, ал жанашылдықсыз тәжірибе тоқырауға әкеледі. Сондықтан тұрақты әрі тиімді мемлекеттік басқару жүйесі тәжірибе мен жанашылдықтың үйлесімі арқылы қалыптасады.

Осы тұрғыдан алғанда, жастарға берілетін басымдылықтың негізгі мақсаты — бір ұрпақты екіншісімен алмастыру емес, олардың өзара сабақтастығын қамтамасыз ету. Жастарға мүмкіндік беру — бүгінгі күннің қажеттілігі ғана емес, мемлекеттің ұзақмерзімді тұрақтылығы мен орнықты дамуына салынған стратегиялық инвестиция.

Жастарға деген көзқарас — мемлекеттің өзінің болашағына деген көзқарасы. Жастар тек қолдау алушы әлеуметтік топ ретінде қарастырылмай, жауапкершілік жүктелетін, шешім қабылдауға қабілетті және елдің дамуына үлес қосатын стратегиялық ресурс ретінде бағалануға тиіс. Мемлекет басшысының кадрлық саясатта жастарға басымдық беруінің мәні осында. Бұл — уақыт талабын мойындау, жастарға сенім арту және болашақты бүгіннен қалыптастырудың айқын көрінісі.



# ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ӨНДІРІС СЕРПІНІ

Ауыл шаруашылығының әлеуетін толық пайдалану – бүгінгі күннің басты талабының бірі. Шикізатты сыртқа шығарумен шектелмей, оны ел ішінде өңдеп, дайын өнім өндіру – экономиканы әртараптандырудың тиімді жолы. Осы бағытта Абай облысының Мақаншы ауданында маңызды жоба жүзеге асты. Аудан орталығында DI-NUR ЖШС-ның күнбағыс тұқымын қайта өңдеу және өсімдік майын өндіру зауыты іске қосылды.



**А Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,**  
Абай облысы

Жаңа өндіріс орнының ашылу салтанатына облыс әкімі Берік Уәли қатысып, кәсіпорынның өңір экономикасындағы маңызына тоқталды.

— Бүгін біз облысымыздың, соның ішінде Мақаншы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін стратегиялық маңызы зор инвестициялық жобаның жүзеге асуына куә болып отырмыз. Бұл — өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге бағытталған маңызды жоба, — деді аймақ басшысы.

Шынында да, Мақаншыдағы жаңа зауыттың жөні бөлек. Біріншіден, бұл — ауылдағы өндіріс. Екіншіден, мұнда ауыл шаруашылығы өнімін жай ғана жинап, сатуға емес, оны өңдеп, қосылған құны жоғары өнім шығаруға басымдық берілген. Үшіншіден, кәсіпорынның шекаралық аймақта орналасуы экспорттық мүмкіндіктерге жол ашады.

Жобаның жалпы инвестициялық құны 7 миллиард теңгені құрайды. Заманауи



технологиялармен жабдықталған кәсіпорын тәулігіне 300 тонна күнбағыс майын өндіруге қауқарлы. Сонымен қатар мұнда тәулігіне 500 тоннаға дейін күнбағыс дәнін тазалау және құрама жем өндіру мүмкіндігі бар. Бұл көрсеткіштердің өзі өндірістің ауқымын аңғартады. Ең бастысы, кәсіпорын жергілікті ауыл шаруашылығы үшін бұл — тек жұмыс орны емес, тұрақты табыс пен жаңа кәсіптік дағдыларға жағ ашатын мүмкіндік.

Жобаның тағы бір ерекшелігі — негізгі инвестордың осы өңірдің тумасы болуы. Серік Рамбаевтың туған жеріне инвестиция салып, Мақаншыда ірі өндіріс орнын іске қосуы — елге қызмет етудің, туған жерге жанашырлық танытудың нақты үлгісі.

Мақаншының географиялық орналасуы кәсіпорынның келешегіне де үлкен мүмкіндік береді. Ауданның Қытаймен шекаралас болуы — сыртқы нарыққа шығуға берілген маңызды артықшылық. Бүгінде әлемдік нарықта аграрлық өнімге сұраныс жоғары. Ал дайын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оның сапасы, өндіріс технологиясы және логистикасы қатар жүруі керек. Осы тұрғыдан келгенде, Мақаншыдағы зауыттың орналасқан жері ұтымды.

Алдағы уақытта кәсіпорын өнімін экспортқа шығару көлемін ұлғайтуға мүмкіндік бар. Бұл аудан экономикасына жаңа қаржы ағынын әкеліп, кәсіпкерліктің дамуына серпін бермек.

Мақаншының болашағын айқындайтын басқа да ірі жобалар бар. Соның бірі — «Аягөз—Бакты» теміржолының құрылысы. Бұған қоса, Алакөл жағалауындағы инвестициялық жобалар, Бакты ауылындағы мультимодальды құрғақ порт пен логистикалық парк құрылысының басталуы

ауданның экономикалық әлеуетін түбегейлі өзгертуі мүмкін.

Демек, Мақаншы енді тек ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін аудан емес, өндіріс пен логистика тоғысқан маңызды экономикалық аумаққа айналуға бет алып келеді.

Мақаншыдағы зауыттың іске қосылуы — облыстағы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі жүйелі жұмыстың бір бөлігі.

Быыл өңірде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы Жол картасы аясында жалпы құны 23,7 миллиард теңге болатын алты ірі агрожобаны іске асыру жоспарланған. Быыл ақпан айында «Агролидер KAZ» ЖШС-ның бұршақты және майлы дақылдарды қайта өңдеу зауыты жұмысын басталды. Ал жыл соңына дейін QAZAQ-ASTYQ GROUP ЖШС базасында 8,3 миллиард теңгеге тазартылған май өндірісін, Eurasia Agro Semeу ЖШС базасында 7,7 миллиард теңгеге ірі ет өңдеу зауытын іске қосу көзделіп отыр.

Бұл — өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге бетбұрыс жасалғанын көрсетеді. Мемлекеттік бағдарлама аясында

## АЙМАҚ

Жайық өзені – Қазақстандағы балық шаруашылығы үшін ғана емес, әлемдік экожүйе үшін де ерекше маңызға ие су айдыны. Бұл – бекіре тұқымдас балықтар табиғи жағдайда уылдырық шашатын санаулы өзендердің бірі. Алайда кейінгі жылдары өзеннің экологиялық ахуалы күрделеніп, браконьерлік, су деңгейінің төмендеуі, өндірістік ластану мен климаттың өзгеруі табиғи қорларға бұрын-соңды болмаған қысым түсіруде. Осындай жағдайда балық қорын қорғауға жауапты инспекторлардың өздері кадр тапшылығымен бет-бет келіп отыр.



# БРАКОНЬЕРЛІКПЕН КҮРЕСКЕ БАҒЫТ КЕРЕК

**А Баян ЖАНҰЗАҚОВА,**  
Атырау облысы

Жайық-Каспий өңіраралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының Дамбы балық инспекциясы бөлімінің қызметкерлері тәулік бойы өзенде рейд жүргізеді. Олардың міндетіне заңсыз балық аулаудың алдын алу, өзенте жасырын орнатылған ау-құралдарын анықтау, балықшылардың заң талаптарын сақтауын бақылау және өзеннің қауіпсіздігін қамтамасыз ету кіреді.

Дамбы балық инспекциясы бөлімінің басшысы Еламан Хабибуллиннің айтуынша, жыл басынан бері инспекторлар 544 занбұзушылықты анықтап, 345 өкімшілік хаттама толтырған. Оның ішінде 15 іс өкімшілік сотқа жолданған. Сонымен қатар өзеннен 500-ге жуық заңсыз ау құралы тәркіленген.

«Тәркіленген торлар арнайы қоймаға жеткізіліп, заңнамаға сәйкес үш ай өткен соң жойылады. Бұдан бөлек, инспекторлар өзен түбіне тасталып кеткен немесе иесіз қалған браконьерлік торларды тралдау жұмыстары кезінде тұрақты түрде шығарып келеді», — дейді ол.

Алайда статистика бір қарағанда оң нәтиже көрсеткенімен, мамандар бұл көрсеткіштердің артында шешілмеген күрделі мәселелер тұрғанын айтады. Дамбы бөлімінде бүгінде 14 мемлекеттік инспектор мен 22 техникалық қызметкер жұмыс істейді.

«Бұл сан қағаз жүзінде жеткілікті болып көрінуі мүмкін. Бірақ Жайық өзенінің жүздеген шақырымға созылған арнасы, ондаған тармақтары мен каналдарын есепке алғанда, мұндай күш барлық аумақты толық бақылауға мүмкіндік бермейді. Әсіресе көктемгі балық өрістеу кезеңінде, күзгі маусымда және қыс мезгілінде жұмыс бірнеше есе көбейеді. Дәл осы уақытта браконьерлер де белсенді әрекет етеді», — дейді Е.Хабибуллин.

Оның айтуынша, заңсыз балық аулаумен айналысатындар бақылау әлсіз тұстарды алдын ала зерттеп, көбіне түнгі уақытта немесе ауа райы қолайсыз кезде әрекет етеді.

«Осының салдарынан инспекторлардың жұмысы тек рейд жүргізумен ғана шектелмей, тәулік бойы кезекшілік атқаруға ұласады», — дейді Дамбы балық инспекциясы бөлімінің басшысы.

### ИНСПЕКТОР ЖҰМЫСЫ – ҚАУІПТІ ӘРІ АУЫР ҚЫЗМЕТ

Көпшілікке балық инспекторының қызметі тек өзен жағасын бақылаумен ғана байланысты көрінуі мүмкін. Алайда іс жүзінде бұл – физикалық төзімділікті, құқықтық білімді және батылдықты талап ететін мамандық. Инспекторлар күннің аптап ыстығы мен қақаған аязында, дауылды ауа райында өзенде жұмыс істейді.

Кейбір жағдайда заңсыз кәсіппен айналысатын адамдар қарсылық көрсетіп, инспекторларға қауіп төндіретін оқиғалар да кездеседі. Осындай ауыр еңбекке қарамастан, саладағы еңбекке денгейі мен әлеуметтік қолдау көптеген жастарды бұл мамандықты таңдауға ынталандырмай отыр.

Сарапшылардың пікірінше, кадр тапшылығының басты себептері – ең-

бекақының бәсекеге қабілетті болмауы, қызметтің тәуекелі жоғары болуы, әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіздігі, жастар арасында мамандық беделінің төмендеуі және шалғай учаскелерде жұмыс істеудің қиындығы. Егер бұл мәселе бүгін шешілмесе, алдағы жылдары тәжірибелі мамандардың зейнетке шығуына байланысты кадр жетіспеушілігі одан әрі күшеюі ықтимал.

Инспекторлардың қарамағында қызметтік қатерлер мен жүзу құралдары болғанымен, қазіргі заман талаптарына сай бақылау технологиялары толық енгізілді деу қиын. Бүгінде көптеген мемлекеттерде табиғатты қорғау құрылымдары дрон, тепловизор, спутниктік мониторинг, GPS-бақылау, автоматтандырылған бейнебақылау және жасанды интеллект негізіндегі бақылау жүйелерін қолданады. Мұндай технологиялар үлкен аумақты аз уақыт ішінде

“**Балық қорын қорғауды күшейту мақсатында жыл сайын елімізде «Бекіре» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіледі. Акция барысында инспекторлар, полиция және басқа да құқық қорғау органдары бірлескен рейдтер ұйымдастырып, бақылауды күшейтеді.**

бақылауға мүмкіндік береді. Дәл қазіргі уақытта ойдағы-қырдағы инспекцияның бәрі бірдей осы технологиялармен 100 пайыз қамтамасыз етілді деу қиын. Дегенмен елімізде мұндай құралдарды кезек-кезеңімен енгізу инспекторлардың жұмысын едәуір жеңілдетіп, адам ресурсының тапшылығын азайтуы мүмкін.

Балық саласының байырғы маманы Нұрдіәулет Ахметтің пікірінше, заңсыз аулаумен күрес тек өзен жағасында жүргізілмеуі керек. Браконьерлік жолмен ауланған балықты сатып алатын нарық тоқтамай, заңсыз кәсіп те тоқтамайды.

«Сондықтан бақылау мына бағыттарды да қамтуға тиіс. Заңсыз өнім өткізілетін сауда орындарын анықтау, тасымалдау арналарына бақылауды күшейту, заңсыз өнімді сатып алушыларға жауапкершілікті және көлеңкелі нарықпен күресті арттыру керек», — дейді ол. Яғни мәселе тек өзенде емес, тұтас сауда тізбегінде жатыр.

### БЕКІРЕНІҢ ТАҒДЫРЫ – ЖАЙЫҚТЫҢ ТАҒДЫРЫ

Жайықтың басты ерекшелігі — оның әлемдік маңызы бар табиғи экожүйе екендігі. Бұл өзен — Каспийдегі бекіре тұқымдас балықтардың табиғи көбеюіне мүмкіндік беретін санаулы су арнасының бірі. Алайда соңғы жылдары мамандар бірнеше күрделі қауіптің қатар күшейгенін айтып келеді. Яғни Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі, Жайықтың тайыздануы, климаттың өзгеруі, өнеркә-

сіптік ластану, заңсыз балық аулау және уылдырық шашатын табиғи орындардың азаюы. Бұл факторлардың барлығы өзара байланысты. Егер браконьерлік азаймаса, табиғи жолмен көбейетін бекіре қорының қалпына келуі ондаған жылдарға созылуы мүмкін.

Балық қорын қорғауды күшейту мақсатында жыл сайын елімізде «Бекіре» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіледі. Акция барысында инспекторлар, полиция және басқа да құқық қорғау органдары бірлескен рейдтер ұйымдастырып, бақылауды күшейтеді. Мұндай шаралар белгілі бір нәтижесін бергенімен, сарапшылар олардың уақытша сипатта ғана екенін айтады. Өйткені рейд аяқталған соң браконьерлер қайтадан заңсыз әрекеттерін жалғастырады. Сондықтан жүйелі нәтиже беру үшін бақылау үздіксіз болуы қажет. Экологтардың пікірінше, табиғатты қорғауда тек айыппұл мен рейдке сүйену ұзақмерзімді нәтиже бермейді. Ең алдымен қоғамның табиғатқа деген көзқарасын өзгерту қажет.

«Бұл бағытта мектептердегі экологиялық білімді күшейту, жастарды табиғатты қорғау акцияларына тарту, заңды балық аулаудың мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық бақылауды дамыту,табиғатты қорғауға бағытталған ақпараттық жұмыстарды көбейту маңызды. Табиғатты қорғау — тек мемлекеттік органның емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін қоғамдық сана түсінуі керек. Сондай-ақ ғылыми мониторингті күшейту, су айындарын қалпына келтіру жұмыстарын жүйелі жүргізу, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ұзақмерзімді бағдарламаларды іске асыру маңызды», — дейді эколог-маман Қарлығаш Есжанова.

Көпшілік Жайықты тек балықпен байланыстырады. Алайда өзеннің экономикалық маңызы әлдеқайда кең. Өзен аймақтағы ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өнеркәсіп, коммунальдық шаруашылық және халықты ауызсумен қамтамасыз ету жүйесінің маңызды бөлігі саналады.

Сонымен бірге Жайық өңірдегі балық өңдеу кәсіпорындарының, балықшылар кооперативтерінің және шағын кәсіпкерліктің негізгі табиғи ресурсы болып отыр. Сондықтан өзеннің экологиялық жағдайының нашарлауы тек табиғатқа емес, мыңдаған адамның табысына, жұмыс орындарына және жергілікті экономиканың тұрақтылығына әсер етеді.

Жайық — тек Атырау өңірінің емес, Қазақстанның стратегиялық табиғи байлығы. Оның экожүйесін сақтау бірнеше инспектордың ғана міндеті болмауға тиіс. Бұл — мемлекет, құқық қорғау органдары, ғылым, жергілікті билік және қоғам бірлесе атқаратын жұмыс.

Бүгінде кадр тапшылығы, техникалық мүмкіндіктің шектеулілігі және браконьерлікке сураныстың сақталуы күресті күрделендіріп отыр. Егер бұл мәселелер кешенді түрде шешілмесе, Жайықтағы табиғи тепе-теңдік бұзылып, бекіре қорының қалпына келуі бұрынғыдан да қиында соғуы мүмкін. Ал Жайықты сақтау — бір ғана өзенді емес, келер ұрпаққа аманат болатын ұлттық табиғи мұраны сақтап қалу деген сөз.

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазусуар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қаныш Сәтпаев атындағы канал» филиалы, БСН 110941009767, Павлодар облысында, Май ауданы, Баскөл ауылында орналасқан 40 000 тонна көлемінде өзен (құрылыс) құмын бағаны көтеруге аукцион тәсілімен сату бойынша сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды. Аукционның басталу күні мен уақыты — 2026 жылғы 28 тамыз сағат 10:00-да. Өтінімдер мүлкті сату бойынша электрондық сауда-саттық ақпараттық жүйесінің <https://payda.e-qazyna.kz> веб-порталы арқылы қабылданады.



Бүгінде елімізде 6 миллионға жуық жас бар, олар білім мен ғылымда, кәсіпкерлікте, спортта, мәдениет пен өнерде табысқа жетіп, қоғам дамуына елеулі үлес қосып келеді. Бұл жолы халықаралық өнер додаларынан жеңімпаз атанып жатқан жастар, оның ішінде жақында «Славян базарынан» жүлдемен оралған жас өнерпаздар туралы айтамыз.



# Жас ТАЛАНТТАРДЫҢ жеңісі



ЖАСМИНАНЫҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІ

19 елдің жас өнерпаздары бак сынаған «Славян базарының» балалар музыкалық байқауында талантты бүлдіршіндердің арасынан жеңіске бұл жеткізгендердің ішінде Жасмина Түзелова да бар. Ол – 13 жаста. Байқаудың алғашқы кезеңінде қазақтың халық әні «Сарыарканы» орындап, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Ұлттық нақыштағы туынды жас әншінің дауыс мүмкіндігін кеңінен көрсетуге мүмкіндік беріп, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Екінші кезеңде ол «Ромашка-Василек» композициясын шырқап, екі күннің қорытындысы бойынша 126 ұпай жинады. Нәтижесінде қазақстандық өнерпаз халықаралық байқаудың II дәрежелі лауреаты атанды. Ал бас жүлде Беларусь бүлдіршініне бұйырса, бірінші орынды Румыниядан келген қатысушы иеленген. Жасмина, әсіресе румыниялық өнерпаздың өнеріне ерекше назар аударыпты. Опера жанрында ән шырқаған қатысушы Димаш Құдайбергеннің репертуарындағы шығармалардың бірін орындаған. Болгариялық өнерпаздың да вокалдық мүмкіндігі қазақстандық әншіге айрықша әсер қалдырған.

Жасминаның бұл байқауға дейінгі жолы да оңай болған жоқ. Ұлттық іріктеу бір жылға жуық уақытқа созылып, бірнеше кезеңнен тұрды. Алдымен үміткерлер онлайн өтінім тапсырса, кейін үздік вокалистер



Алматыда өткен тікелей тыңдалымға қатысты. Жасминаға Қазақстан атынан халықаралық сахнада өнер көрсету мәртебесі осылай берілген еді. Осыдан кейін жас әнші ұстазымен бірге үш ай бойы тыңғылықты дайындықтан, дайындық үшін әнші анасымен бірге Алматыға арнайы барып, бірнеше ай бойы сол қалада тұрғандықтан, дайындық үшін әнші анасымен бірге Алматыға арнайы барып, бірнеше ай бойы сол қалада тұрған. Жасминаның айтуынша, халықаралық долаға дайындық барысында әрбір шығарма ұзақ талқылаудан кейін таңдалған.

– Біз бұл байқауға ұзақ әрі үлкен жауапкершілікпен дайындалдық. Ән

таңдау кезінде бірнеше нұсқаны қарастырып, ұстазыммен және мамандармен көп ақылдастық. Маған дауысымның мүмкіндігін барынша ашатын, мінезіме де сәйкес келетін шығармаларды таңдау маңызды болды. Нәтижесінде «Сарыарка» халық әні мен «Ромашка-Василек» композициясына тоқтадық. Байқауда түрлі елден келген өте мықты өнерпаздарды көрдім, олардың әрқайсысынан үйренер дүние көп болды. Әсіресе Румыниядан келген қатысушының опералық орындауы қатты ұнады, ол Димаштың репертуарынан ән шырқады. Бұл жүлде мен үшін үлкен қуаныш әрі алдағы шығармашылық жолыма берілген маңызды серпін болды. Болашақтағы ең үлкен арным – Eurovision ән байқауына қатысып, Қазақстанның атын халықаралық сахнада таныту, – деді ол.

Жас әншінің халықаралық доладағы табысы оның шығармашылық жолындағы алғашқы ірі жетістігі емес. Жасмина бұған дейін «Бала дауысы – 2021» байқауының Гран-приін иеленген. Байқау қорытындысында жас вокалистке танымал композитормен бірге авторлық ән жазуға мүмкіндік беретін арнайы сертификат та табыс-талды.

### «КАСТИНГТЕН 8 РЕТ ӨТтім»

Акерке Амалият – «Славян базары» халықаралық өнер фестивалі аясында



шеберлігімен қатар сахнадағы психологиялық төзімділікке де ерекше мән берген. Акеркенің айтуынша, халықаралық байқаудың сахнасына шығу оның көптен күткен армандарының бірі болған.

– «Славян базарының» сахнасына алғаш рет 15 жасымда шыққан едім. Содан бері осы байқауға қайта оралып, үлкен нәтиже көрсетуді армандадым. Бұл жолғы дайындық та оңай болған жоқ, өйткені сахнаға шыққанға дейінгі толқу мен жауапкершілік кейде ән айтуудың өзінен де ауыр сезіледі. Байқауға қатысу үшін бірнеше рет кастингтен өтіп, көп еңбек еттім. Фестиваль барысында түрлі елден келген талантты өнерпаздармен танысып, бір-бірімізді қолдап, жаксы араластық. Беларусь халқына қонақжайлығы үшін, ал көрерменге ықыласы үшін алғыс айтамын. Елге осындай нәтижемен оралғанымға өте қуаныштымын, – деді Акерке Амалият.

Жеңімпаздар диплом және арнайы мүсіншемен марапатталды. Акерке Амалиятқа бірінші орын үшін 15 мың АҚШ доллары көлемінде ақшалай сыйақы табысталды. Байқауға төрелік еткен халықаралық қазылар алқасының құрамына Беларусь, Ресей, Түркия, Грузия және Германияның өнер қайраткерлері енді. Қазақстан атынан қазылар алқасында Қазақстанның халық әртісі Әлішер Кәрімов болды. Айтпақшы, жүлдегер бұған дейін де бірқатар республикалық және халықаралық байқауда топ жарған. 2024 жылы George Grigoriu International Pop Music Festival халықаралық фестивалінде I дәрежелі жүлде жеңіп алғаны және былтыр «Түркістан дауысы» мен «Шымкент сазы» байқауларында Гран-при иеленгені тағы бар.

15-16 тамыз күндері Құрманғазы ауданының Теңіз ауылында «LOTUSFEST-2026» фестивалі өтеді. Былтыр алғаш рет ұйымдастырылған фестивальға 5 мыңға жуық турист келген. Биыл олардың саны екі есеге артып, 10 мыңға жуық қонақ қатысады деп жоспарлануда.

## АУҚЫМДЫ ФЕСТИВАЛЬ ӨТЕДІ

Екі күндік фестиваль аясында эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттер ұйымдастырылып, спорттық жарыстар мен түрлі ойын-сауық бағдарламалары өтеді. Ашылу бағдарламасында театрландырылған композиция, этно-фольклорлық және хореографиялық ұжымдар мен қазақ эстрадасының әншісі Куандық Рахым өнер көрсетеді. Ал кешкі гала-концертте MELOMEN тобы, Butanat, Алхам, Turaq және Н.Жантөрин атындағы облыстық филармония өнерпаздарының қатысуымен гала-концерт өтеді.



Фестивальдың екінші күнінде де мерекелік бағдарлама жалғасалы. Онда Еркебұлан Құмар, Ғаділбек Жанай, Нұрлан мен Мұрат және «Заман» тобының өнерін тамашалауға болады. Фестиваль аумағында фотозоналар, балаларға арналған ойын алаңы, колөнер шеберлерінің жәрменкесі, сауда павильондары мен фуд-корт жұмыс істейді. Қонақтар қайықпен серуендеп, табиғат аясында демала алады.

## ТЕАТРДЫҢ ЖАҢА МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры жетінші маусымының шымылдығын түрді. Биыл театр репертуарын жаңа қойылымдармен толықтырып, көрерменге түрлі жанр мен мазмұндағы спектакльдерді ұсынуды жоспарлап отыр.

Театр ұжымы биылғы маусымның алғашқы қойылымы ретінде «Абай–Тоғжан» спектаклін көрерменге тарту етті. Қойылымның театр репертуарында өзіндік орны бар. Сонымен қатар жаңа маусым барысында көрерменге «Ғауһартас», «Қош бол, Гүлсары» секілді қойылымдар ұсынылып, жаңа туындылар мен премьералар сахналанбақ.

Театрдың басты бағыттарының бірі – көрерменге сапалы қойылым ұсынып қана қоймай, сахна арқылы қоғамдағы маңызды тақырыптарды көтеру. Әсіресе жас көрерменнің театрға қызығушылығын арттырып, оның эстетикалық талғамы мен



дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ету маңызды. Осылайша, Музыкалық жас көрермен театрының жетінші маусымы жаңа шығармашылық жоспарлар мен тың ізденістерге жол ашты. Ендігі кезекте театр ұжымы жаңа рөлдер мен қойылымдар арқылы көрерменге ой салып, жетінші маусымды мазмұнды әрі есте қаларлық шығармашылық кезеге айналдыруды көздейді.

10-13 тамыз күндері Корея Республикасының Пусан қаласында Халықаралық кітапханалық қауымдастықтар мен мекемелер федерациясының 90-Дүниежүзілік кітапханалық-ақпараттық конгресі – «FLA WLIC 2026» өтіп жатқаны мәлім. Биылғы конгрестің негізгі тақырыбы – LIBRARIES POWERING TRANSFORMATION («Кітапханалар – трансформация қозғаушысы»).

## КІТАПХАНАШЫЛАР ПУСАНДА ЖҮР

Биылғы конгреске елімізден 40-қа жуық кітапхана саласының маманы барып, ТМД елдері арасында үлкен делегацияны құрады. Конгрестің ғылыми бағдарламасы кітапхана ісінің қазіргі даму бағытын айқындайтын маңызды мәселелерді қамтиды. Атап айтқанда, ұлттық кітапханалар мен ұлттық библиографияны дамыту, халықаралық библиографиялық және метадеректер стандарттарын жетілдіру, каталогтаудың жаңа модельдері, ақпараттық қауіпсіздік, жасанды интеллект технологияларын кітапхана қызметіне енгізу мәселелері кәсіби бағдарламаның басты бағыттары ретінде айқындалды.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы  
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы  
Баияр ЖАНҒАҚ – Атырау облысы  
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102  
Зейіткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4775  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
Тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Өлімқұлов көшесі 22,  
Тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,